Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы 6

Тәуелсіздік – ұлттық тілімізді қадірлеуден басталады 13

О деятельности научного центра «История и этнология» Auezov University 28



AUEZOV UNIVERSITY 1943

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

# Университет

№7 (213), маусым , 2023 ж.


# М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ-НІҢ «ДЕНСАУЛЫҚ» СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ЖҮЗУ БАССЕЙНІ 1-МАУСЫМНАН БАСТАП ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

2023 жылдың 1-маусым күні М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Денсаулық» спорт кешені жүзу бассейнінің ашылу салтанаты өтті.




Халыққа кеңінен танымал спорт кешенінің жүзу бассейні көлемі жағынан олимпиадалық стандарттарға сай, ашық аспан астында орналасқан. Алдағы уақытта жүзу бассейні тұрғындарда салауатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты дамыту мақсатында университет студенттері мен қала тұрғындары үшін жыл бойы жұмыс істейтін болады.

«Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі қашанда өзекті. Елімізде бұқаралық спортты дамыту және оған қолайлы жағдай жасау - басты міндеттеріміздің бірі» - деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласына айрықша көңіл бөліп келеді.

Университеттің миссиясының бірі – қоғаммен байланыс орнату. Студенттер үшін спорт кешенінің қолжетімді болуы, өскелең ұрпақтың білім алумен қатар, спортпен шұғылданып, жан жақты тұлға ретінде қалыптастыру.

Спорт кешені ашылуының басты мақсаттарының бірі – университетте «Спорттық менеджмент, жүзу және нұсқаушы ісі» атты жаңа білім бағдарламасы негізінде жаңа кадрларды даярлау.

1 маусым Балаларды қорғау күніне орай келіп жатқан бұл іс шараға, еліміздің түкпір түкпірінен турнирге 20 команда қатысып, бәсекеге түсті.

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек - Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ұжымына құттықтау хатын жолдады.

Қала әкімі Әйтенов Мұрат Дүйсенбекұлы спорт кешенінің ашылу салтанатымен құттықтап, университет ұжымына, студенттерге және тұрғындарға әрқашан спортқа жақын болуды айта келіп, елімізді көркейту жолында аянбай еңбек етіп, жастарымызға мүмкіндіктер жасалып жатқанына дән риза болды.

Сондай-ақ іс шараға қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Шымкент қаласының қоғамдық кеңес мүшелері, спорт саласының ардагерлері, үздік оқытушылар, қалалық маслихат депутаттары қатысты.

Көлемі жағынан олимпиадалық стандарттарға сай, ашық аспан астында орналасқан халыққа кеңінен танымал спорт кешенінің жүзу бассейнінде көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына жеңілдік қарастырылған. Жүзу бассейні тұрғындарда салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты дамыту мақсатында университет студенттері мен қала тұрғындары үшін жыл бойы жұмыс істейтін болады деп сенім білдіремін.

## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан және өз атымнан спорт кешенінің ашылуымен құттықтаймын.

Өскелен ұрпақтын білім алумен қатар, өнерге ұмтылып, спортпен шұғылданып, жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына қолайлы жағдай жасау - мемлекеттің стратегиялық мақсаттарының бірі.

Бұл стратегиялық міндетті жүзеге асыру үшін барлық университеттерде студенттердің қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі, студенттік спорт лигаларының дамытылуы, студенттер үшін спорт кешендерінің қолжетімді болуы керек екендігі сөзсіз.

Алдағы уақытта университет басшылығы мен ұжымының ғылым мен жоғары білімнің мәртебесін көтеруге ықпал ететініне, Мемлекет басшысының, қоғамның алға қойған міндеттеріне сәйкес еліміздегі бұқаралық спортты нығайтуға үлкен үлес қосатындығына сенімдімін.

Осындай қуанышты күні Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, толағай табыс тілеймін.

**Қазақстан республикасы ғылым және жоғары білім министрі, Саясат Нұрбек**

# ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Заки университетімізге арнайы іс-сапармен келді



Бүгін университетімізге Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Заки арнайы іс-сапармен келді.

Дархан Жұмақанұлы іс-сапар аясында университеттің жетекші ғалымдарымен кездесіп, «Университет ғылымын аймақ экономикасына интеграциялау векторлары» атты тақырыбындағы көрмесінде университет ғалымдарының ғылыми жетістіктері көрмесімен, оқу орнының ғылыми зертханаларымен танысты.

Университет ғалымдары үшін Д.Ж.Ахмед-Заки «Ғылым және технологиялық саясат» туралы заң жобасы, ғылымдағы өзекті мәселелер бойынша баяндама жасап, ғылымды дамытудың ұлттық инновациялық жүйесін және технологиялық бастамаларды ілгерілету жолдарын ұсынды.



# Визит делегации Университета Хайльбронн в Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова

01 июня 2023 года, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова с официальным визитом посетила делегация из Университета Хейльбронн/Институт интеллектуальных кибер-физических систем в составе Директора Института интеллектуальных кибер-физических систем-Александр Иессера, Профессора по международному бизнесу- Ержи Яворского и научного сотрудника проекта Unify-Куаныша Абдикаримова. Целью визита является обсуждение вопросов сотрудничества в сфере науки и образования.

В ходе встречи Сторонами были обсуждены следующие направления сотрудничества- разработка программ двойного диплома в области инженерии, академическая мобильность студентов и ППС, привлечение зарубежных специалистов для преподавательской деятельности, организация зарубежных стажировок и т.д. и было достигнуто соглашение о подписании Меморандума о сотрудничестве с Университетом Хайльбронн.

По завершению встречи члены делегации посетили выставку научных достижений, организованную ЮКУ им. М. Ауэзова.

Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова вошел в престижный рейтинг Impact Rankings-2023 компании Times Higher Education. Рейтинг основан на United Nations Sustainable Development Goals (SDGs) - 17 Целях устойчивого развития ООН. По результатам рейтинга вуз вошел в ТОП 1001 из 1591 университета мира. По четырем категориям университет занял следующие позиции: Хорошее здоровье и благополучие (ТОП 801-1000), Качественное образование (ТОП 801-1000), Гендерное равенство (ТОП 601-800) и Партнерство для достижения целей (ТОП 1001).

THE IMPACT RANKINGS




# Әуезов университетінің студенттері Қазақстан Республикасы Парламентінде тәжірибеден өтіп жатыр

2023 жылғы 5 – 30 маусым аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр.

Студенттер мамандықтарына байланысты Мәжіліс Аппаратының бөлімдеріне барып, Парламенттің жұмысымен, құрылымымен танысып, кәсіби құзыреттіліктерін арттырады.

Өндірістік тәжірибе студенттерге кәсіби өсуге, жеке құндылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді, үйреншікті теорияны тәжірибелік жағдайларда қолдану және болашақ мансаптарымен байланысты ережелер мен міндеттемелерді игеруге үлкен септігін тигізеді.

Өндірістік тәжірибе оқу бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін өте маңызды.

# Состоялась церемония открытия летней универсиады

В Актау состоялась официальная церемония открытия XII летней Универсиады среди студентов высших учебных заведений Республики Казахстан. В спорткомплексе «Мангистау-Арена» собрались тысячи человек и посмотрели шоу-программу.

Торжественный парад спортсменов-участников Универсиады украсил сцену. Для гостей вечера была представлена театрализованная постановка «Сила совершенства – знания и наука!»!

Аким Мангистауской области Нурлан Ногаев с приветственным словом открыл официальную часть церемонии и пожелал участникам удачи. Также выступил вице-министр науки и высшего образования РК Куаныш Ергалиев, который отметил, что со стороны главы государства и правительства набирает обороты работа по привлечению студенческой молодежи к спортивным мероприятиям республиканского и международного уровня. Прозвучал Государственный Гимн Республики Казахстан и XII летняя Универсиада была объявлена открытой.

Победители Универсиады получат путевки на XXXI Всемирную летнюю Универсиаду, которая пройдет с 28 июля по 8 августа в Китае и II тюркскую Универсиаду, которая пройдет 24-29 сентября в Туркестане.

Флаг Всемирной Универсиады вывели чемпионы мира, чемпионы мира, мастера спорта международного класса Yessenov University М. Каналиева, Ж. Сторкбай, Н.Галымбекулы, О. Алтынбек. Церемония поднятия флага Универсиады прошла особенно впечатляюще. Праздничный вечер продолжился концертной программой.



XII летняя Универсиада, впервые проводимая Yessenov University при поддержке Министерства науки и высшего образования РК, стартовала 24 мая. На месяц – до 24 июня запланированы студенческие соревнования по 17 видам спорта, 20 соревнованиям. В Универсиаде принимают участие более 3000 студентов из 55 университетов страны.

Церемония закрытия Универсиады запланирована на 22 июня.

# «AKTAU - 2023» XII жазғы универсиада өз бастауын алды

2023 жылдың 5 маусымында Ақтау қаласында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттері арасындағы XII жазғы универсиада өз бастауын алды.

Спорттық жарысқа елдегі ең іргелі 51 университеттен келген 3000-нан астам студент 17 спорт түрінен бақ сынауда.



Айта кетсек, универсиада ойындарының жеңімпаздары XXXII Дүниежүзілік Универсиадаға жолдама алады. Спорттық жарыс тамыз айында Қытайдың Чэнду қаласында спорттың 10 түрі бойынша ұйымдастырылады. Сонымен қатар қыркүйек айында Түркістан шаһарында өтетін II Түркі универсиадасына да қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Университетіміздің спортшыларына сәттілік тілейміз!

# XII жазғы универсиадада университетіміздің студенттері бадминтоннан жүлделі орындарға ие болды

Ақтау қаласында Қазақстан Республикасының 50 ден астам жоғары оқу



орындары арасында өтіп жатқан универсиадада студентіміз Таджибуллаев Мансур жеке категорияда 1-орынды иеленді. Сондай ақ, жұптық категорияда студенттеріміз Таджибуллаев Мансур, Кошкинбаев Бекжан күміс медаль және аралас категорияда Таджибуллаев Мансур, Баққондықызы Асылжан қола медальға ие болды. Спортшыларымызды шын жүректен жеңістерімен құттықтаймыз!

# XII жазғы универсиадада Әуезов университетінің студенттері еркін күрестен жүлделі орындарға ие болды



Ақтау қаласында Қазақстан Республикасының 50 ден астам жоғары оқу орындары арасындағы универсиада Әуезов университеті студенттерінен құралған құрама команда белсенді қатысуда. Еркін күрестен 79 келі салмақ дәрежесінде 3-курс студентіміз Тайыр Шамсат 1-орын иеленсе, 86 келі салмақ дәрежесінде 3-курс студенті Шукуралиев Сейдували 3-орынға иеленді. Спортшыларымызды жеңістерімен құттықтай отыра, алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!!



Студентка 3 курса факультета «Спорта и туризма» Юнусова Роксана заняла 1 место на VI-спартакиаде Республики Казахстан среди женщин по стрельбе из лука. Соревнования были организованы по индивидуальным и командным правилам.

Отметим, что Юнусова Роксана только в марте этого года стала чемпионкой Азии по стрельбе из лука, завоевав 1 золотую и 1 серебряную медали на Кубке Азии в Тайване. Желаем нашему спортсмену только успехов в предстоящих соревнованиях!!

Студентка университета Ауэзова, мастер спорта в международном уровне Софья Берульцева стала бронозовой призеркой в весовой категорий 68 кг в премьер лиге в Японий.

Поздравляя нашу спортсменку, желаем ей удачи в предстоящих соревнованиях!!



# Тимбилдинг на природе был организован для активистов Ауэзов университета



4 апреля 2023 года в Сайрам-Огемском государственном национальном природном парке состоялся тимбилдинг для активистов Ауэзовского университета, с целью подведения итогов учебного года 2022-2023.

Мероприятие собрало более 80 студентов, которые проявили активность и выделялись в течение года. В неформальной обстановке были обсуждены результаты и достижения в сфере молодежной политики. Также провели тренинги по развитию лидерства и командообразованию. За их вклад в общественную жизнь университета и города, студентам и молодежным организациям были вручены благодарственные письма.

Целью данного мероприятия было укрепление единства студентов, развитие дружбы между лидерами молодежных организаций и формирование лидерских качеств у студентов. Благодаря инициативе Молодежного центра Ауэзовского университета в этом учебном году было создано несколько новых организаций и проведено множество мероприятий, где студенты достигли высоких успехов в различных областях.

Мы надеемся, что в следующем учебном году студенты достигнут ещё больших высот.

# Университетіміздің студенті «БӨБЕК ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ» заңды тұлғалардың қауымдастық нысанының байқауы бойынша «ТМД ҮЗДІК СТУДЕНТІ-2023» атағына ие болды



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің " Тарих және педагогика " факультеті "Психология және арнайы педагогика " кафедрасы "6В03130-Психология" білім беру бағдарламасының студенті Ағабекова Аяулым Ұлықбек қызы. Жетекшісі педагогика ғылымдарының магистрі Динара Қадырбек.

Наурыз сәуір айларында болып өткен "Бөбек ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ" заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігі "ТМД ҮЗДІК СТУДЕНТІ-2023" Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы елдерінің студенттеріне арналған халықаралық байқауына қатысып, "ТМД ҮЗДІК СТУДЕНТІ-2023" атағына ие болды. Бұл байқауға қатысу үшін студентіміз өзінің соңғы 3 жылдағы жетістіктері мен еңбектерін ( сертификат, мақтау жарлығы, мадақтама, алғыс хат) эссе, мақала, конференцияларғы қатысқаны жайлы анықтамаларды, өмірбаянын ұсыну арқылы байқаудан өтіп, осы атаққа ие болды.

# "ASTANA. ART. EN PLEIN AIR" халықаралық симпозиумы шеңберінде өткен плэнэрде Әуезов университеті командасы 1-орынды иеленді

Елордада 7-9 маусым аралығында Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Отандық ЖОО-ы қатысуымен Астана Халықаралық университетінің 5 жылдығына арналған "ASTANA. ART. EN PLEIN AIR" Халықаралық Симпозиумы шеңберінде өткен пленэр өтті. М.Әуезов атындағы ОҚУ, Мәдениет және Өнер факультеті, "Бейнелеу өнері және Дизайн" кафедрасының аға оқытушысы Мұхит Мамешов бастаған команда жүлделі 1 ОРЫН иеленді.






# ҒЫЛЫМИ ҚАУЫМҒА "МҰХТАРТАНУ" ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ ОРДАЛЫ ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖАРЫҚ КӨРГЕН МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫ ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВТЫҢ ҚҰЖАТТАР ЖИНАҒЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Бүгін "Мұхтартану" зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент Ордалы Қоңыратбаевтың қатысуымен жарық көрген Қабылбек Сарымолдаевтың құжаттар жинағы ғылыми қауымға таныстырылды. Қ. Сарымолдаев 1898 жылы қазіргі Жамбыл облысы Меркі ауданы Ойтал ауылында дүниеге келген. Мемлекет және қоғам қайраткері. 1917 ж. „Бұқара" аталған қазақ жастарының төңкерісшіл ұйымының мүшесі. 1917-1921 ж.ж. Әулиеата уездік ревкомы мүшесі, төрағасы, Сырдария обкомының үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Қазақ АКСР-і ішкі істер халкомының орынбасары, 1922-1925 ж.ж Жетісу облревкомының төрағасы, Сырдария халкомының төрағасы қызметтерін атқарған.

Ғылыми басқосуды "Мұхтартану" орталығының аға ғылыми қызметкері, мұхтартанушы, филолог Ақжол Қалшабек жүргізіп отырды.

Жиында Тарих және педагогика факультетінің деканы Қ.Оразбаев кітаптың ғылыми мазмұнына тоқталып, құнды пікірлерімен бөлісті. Тарих ғылымының кандидаты, доцент С.Карибаев еңбектің тұщымды да өзектілігін жан-жақты саралады. Сонымен қатар, тарихшы ғалымдар Г.Отарбаева, Г.Жанысбекова кітап туралы өзекті пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ бұл ғылыми басқосуға "Жалпы тарих" және "Қазақстан тарихы" кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен ОҚМПУ докторанттары Г.Капбарова мен Қ.Шекербеков қатысты. Ғылыми жүздесуде кітап авторы бұл еңбектің ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеу екендігін атап өтіп, кеңестік дәуірде әлі де ашылмай келе жатқан ақтаңдақтарға терең шолу жасады. Кездесу соңында Ордалы Молдалыұлы аталмыш жинақты ғылыми қауым мен кітапхана басшысы И.Сәуірбаеваға және университет кітапханасына қолтаңбасымен естелікке сыйға тартты.

# ВОПРОСЫ НАУКИ И НАУКИ ОБСУЖДАЛИ ВО ВРЕМЯ НАЦСТРОЙСТВА




Сегодня в Туркестане в рамках предстоящего заседания Национального фонда прошло заседание рабочей секции «Наука и наука». Известные общественные деятели, депутаты парламента, ученые и эксперты поделились своими мыслями на мероприятии.

В качестве модератора выступил министр науки и высшего образования Саясат Нурбек. Также в работе сессии приняли участие заместитель главы Администрации Президента РК Аида Балаева, министр образования Гани Бейсембаев.

«Вы прекрасно знаете, что одна из главных задач образования и науки – построение интеллектуальной нации. С этого времени у нас всех хватает работы. Он - высочайшее качество всех наших работ, от "Азбуки" до научных исследований. Формирование образованного поколения как конкурентоспособного гражданина», - сказал министр Саясат Нурбек.

В разделе обсуждались цифровые и новые технологические реальности, особенности подрастающего поколения, которые формируются в рамках обучения поколений. Особое внимание было уделено совершенствованию реформ высшего образования, в том числе внедрению современных механизмов управления высшим образованием и необходимости повышения статуса педагогов.

Специалисты индивидуально сосредоточились на вопросах развития социально-гуманитарных и общей идеологической основы страны.

Кроме того, в рамках работы секции были подняты вопросы совершенствования школьной инфраструктуры среднего образования, особенно в сельской местности.

По итогам дискуссии принято решение подготовить специальный план мероприятий по реализации предложений членов Национального фонда в сотрудничестве с госорганами.

# ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯ: УНИВЕРСИТЕТТІК ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАҢА ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



Қазақстандық және неміс университеттері мен ғылыми ұйымдарының 200-ден астам өкілдері Қазақстан мен Германияның ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелері бойынша семинар-тренингке қатысты. Іс-шараны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ғылым қоры» АҚ және Esil University қатысуымен ұйымдастырды.

Семинар барысында DFG Неміс зерттеу қоры, Неміс геоғылымдарды зерттеу орталығы, DAAD Неміс академиялық алмасу қызметі, Өтпелі экономикадағы Лейбниц Ауыл шаруашылығын дамыту институты (IAMO), Дрезден техникалық университеті және Халле университеті ғылымның түрлі салаларындағы қазақстандық серіктестермен одан әрі өзара іс-қимыл туралы өз көзқарастарын білдірді.

Өз кезегінде қазақстандық ғылыми қоғамдастық өкілдері университеттік ғылым мен ғылыми зерттеулерді дамыту саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын да атап өтті. Атап айтқанда, бұл энергетика, климаттың өзгеруі, денсаулық сақтау, цифрландыру, инженерия, машина жасау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және ғылыми кадрларды даярлау салалары. Бұл туралы семинар қатысушыларына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Ләззат Ералиева, ҚР Ғылым қорының төрағасы Әбділда Шаменов және «ХБО» АҚ Басқарма төрағасы Олжас Сәкенов айтып берді.

«Біздің ынтымақтастығымыз нақты бірлескен жобаларда жүзеге асырылуда. Мысалы, Алматыда Қазақстан-Неміс университеті инженерлік кадрларды даярлайды. Сонымен қатар биыл Ақтаудағы Есенов университеті базасында Қазақстан-Неміс инжиниринг институтын ашу жоспарлануда. Бұл екіжақты ынтымақтастыққа, университет ғылымын дамытуға және инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға жаңа серпін береді», - деп атап өтті ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан.

Сондай-ақ, Қазақстан неміс тарапының 2023 жылдың қазан айында Алматы қаласында Орталық Азияның ғылыми ұйымдары мен жол-ларының қатысуымен Германия ғылым күнін өткізу туралы ұсынысын қолдайтыны айтылды.

# М.Әуезов атындағы ОҚУ «LOGO e.v» коммерциалық емес қауымдастығымен меморандумға қол қойды




2023 жылғы 20 маусымда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайердің Астанаға ресми сапары аясында өткен Қазақстан-Германия университеттері ректорларының форумына қатысты. Форум аясында білім және ғылым саласындағы стратегиялық серіктестіктің мәселелері мен перспективалары талқыланып, Қазақстан мен Германияның техникалық университеттерінің көрмесі ұйымдастырылып, онда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті таныстырылды.

Форум Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев пен Германияның Федералды президенті Франк-Вальтер Штайнмайердің сапарымен ерекшеленді, кездесу барысында мемлекет басшылары көрме жұмысымен танысып, кіріспе сөз сөйледі.

Форумның қорытындысы бойынша Қазақстан-Германия университеттері арасында бірқатар ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды, олардың бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен «LOGO e.v» (Шығыс Еуропадағы Ауыл шаруашылығы және экологиялық тепе-теңдік) коммерциялық емес қауымдастығы арасындағы университет студенттері үшін тағылымдамалар мен тәжірибе ұйымдастыру саласы бойынша жасалған келісім шарт.

# Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы



Қазақ жерінде қолына қалам алып, ақындығын ұштаған ақын өте көп. Туған жерінен шабытына шабыт қосып, аузына дүйім елді қарата білген ақынның бұлда бір даралығының көрінісі болар. Ақынды ақын деп, тұлғаны тұлға деп танитын халық. Халық таныған тұлға қашанда тұлға болып қалыптасады. Осындай тұлғалар қашанда жарқырай түспек. Сол аты аңызға айналған тұлғалардың бірі де , бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлер өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін біден-бір жол деп ұғынды

Сондықтан «Өнер алды- қызыл тіл» деген қазақ мақалын естен шығармайық. Мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтқан. Өнер алды – қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ зиялыларының азаматтық және интеллектуалдық даму деңгейі өте жоғары болды. Бұл белгілі шындық. Оның кеңестік шығыстағы түркі халықтарының ішіндегі ең мықтысы қазақ зиялылары болғанына ешкім дау айта алмайды. Қазақ даналығы мен руханиятының жеткізушілері мен көрсетушілеріне жасалған шектен тыс қатыгездік, олардың түбегейлі жойылуы, қарапайым халықты қатты үрейлендіріп халықтың санасына қатты әсер етті. Осылайша патша үкіметі қазақтың барлық киелі жерлерін таптап, ұлт көсемдерінің соңына шырақ алып түсті. Сол шырақ алып соңына түскен зиялылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ақынның қаламынан туған сыршыл өлеңдерінен бастап, өзіде житі бақылауда болды.

Халқының азатта, бостандық таңында күн кешуі үшін бастарын бәйгіге тіге білгендерін бұл күнде біз барынша айтып келеміз.

Сол тұлғалардың бірі де, бірегейі ұлтымыздың жанашыры болған, халықтың мұң-мұқтаждығын түгендеп, барынша ұлттың ұстазына айнала білген Ахмет Байтұрсынұлы жайлы сыр шертпекпін. Қазақ халқына оның ішінде ұлтқа, қазақ тіліне жанашыр бола отырып, ұлттың ұлы ұстазына айналып, барынша қазақтың жағдайының жақсаруына үлесін қосып, ұлтшыл білген тұғырлы қайраткер. Сонымен қоса, қараңғы қазақ көгіне күн болып жарқырауды өзіне мақсат ете отырып, сауатсыздықтың шырмауында күн кешкен қазақтың көзін ашып, көкірегін ояту мақсатында аянбай еңбек етіп, өз өмірін қатерге тіге білген. Өзінің өміріні шүберекке түйіп қойып, халық үшін күн кеше білген. Ұлтжанды азаматтың көкейінде бір арман болды. Ол қазақ халқының азат та, тәуелсіз өз елінде күн кешуі.

Ахмет қазақ поэзиясында ойып орын алған тұлға. Ахмет қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, ерекше еңбегімен, таңдаулы туындыларымен жәнеде дүние жүзі еңбектерімен поэзияның майын ішкен талант иесі. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған халықтың жоқтаушы жаршысы ақындары бар қазақ ешқашанда жұртта қалмас. Ұлы тұлғаны заман туғызды. Ахмет халықтың мүддесін, тілек- талаптарын өмір шындығын арқау етті. Қоғам өміріндегі аса маңызды мәселелерді терең толғап, заман қамын, ел зарын шебер бейнелей білген тұлға. Әр ақын әр қырынан таныла біледі.

Сондай-ақ, қазақ тілінде сөйлеп, қазақтың тілін, дінін, салт-дәстүрінің сақтап қалуына еңбегі сіңген ерен ер деп мақтанышпен айта аламыз. Айта кететін болсақ, сыршыл да, жыршыл атамыз әдебиеттің майын ішіп, жілігін шақты десек артық болмас. Әр-түрлі еңбектер жаза отырып, мысал өлеңдер шығара білді. Ақынның өлеңдеріне ішіне үңілсек, ұйықтап жатқан қазақты оятып, көкірегін ашу мақсатында жазылғанын түсінеміз. Өзге тілдегі өлеңдерді аударуы, жұртына деген сәуле себу болатын. Барлық бағытта бағын сынаған ұлы тұлғамыздың қазақ әдебиетінде аты алтын, әріппен жазылып, көптеген әдебиет жанашырларына үлгі және ұран бола білді.Тарих төрінде сақталған әдебиет беттерін парақтасақ, көптеген асыл сөздер мен әрленген теңеу сөздердің Ахмет Байтұрсынұлына арналғанын көреміз.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері-әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі-қазіргі жаңа заманға өте керек. Қазақ халқы басқа елдерден дінімен, салтымен , тілінің тазалығымен ерекшеленеді. Тіл тазалығының шұбарланбауы ұлттың жойылып кетпеуіне зор мүмкіндік сыйлайды. Тілі бар халықтың болашағы жарқын, тәуелсіздігі мәңгі болмақ. Қазақтың басынан небір зұлмат күндермен жау көз алартқан кезеңдерден құндылықтарымызды оның ішінде тілімізді аман алып өтіп, бізге аманаттағандығын қастерлеуіміз қажет болар. Тіл жоғалса, тұтас халық жоғалатынын білгеніміз абзал. Тілі жоқ халық, жоғалып жер бетінен ғайып боларын ескерсек, тілдің тазалығын сақтау жолдарында қажырлы еңбек ете отырып, өткеніміздің өзектілігін айқындайтын тілдің теңдессіз байлық екенін ұрпаққа айта отырып, келер ұрпаққа жеткізуге аманаттау біздің яғни бүкіл қазақ халқының міндеті, парызы деп айта аламыз. Тіл жолында талай жүрегі қазақ деп соққан ұлтжанды жандарымыздың жазбаған жыры, айтылмаған сыры, жырланбаған жанашыр жазбасы кемде-кем деп нық сеніммен айта аламын. «Тәрбие басы -тіл» деп, Махмұд Қашқари айтып еткен болатын. Тәрбиенің басында тілдің тұратындығы айқын. Ана тілін ұмытқан адам өзінің де өткенінімен болашағын ұмытады.

Тәуелсіз елде өмір сүруіміз тұлғамыздың арманының айқындығында деп мақтана да,марқая айта береміз. Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары арқылы бүгінгідей рухани құндылықтың азайған шағында, қоғамның келеңсіз жайттарына тұсау салуға болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Ақынның мұрасы бүгінгі ұрпақ жүрегіне шынайы сезімнің ұшқынын жағуға болатынына көз жеткізу.

**Ветеринарлық медицина кафедрасының аға оқытушысы Қамбаров А.Ә., АП-20-8к2 студенті Мырзаханқызы Д.**

# Мемлекеттік рәміздер күні және оның тәрбиелік мәні

Мемлекетттік рәміздер кез келген тәуелсіз мемлекет үшін өте маңызды, қастерлі дүние. Солар арқылы біздің елді басқа мемлекеттер тани біледі. Тәуелсіздігімізді мойындайды. Елімізбен мемлекет аралық қарым қатынастарын жасайды.



Біздің елімізде мемлекеттік рәміздер конституциялық заңмен бекітілген және қорғалады. Атап айтатын болсақ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы заңға сәйкес, жыл сайын «4 маусым – Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні» ретінде мерекеленеді.

Осы 2023 жылдың 4 маусымы күні де мемлекеттік рәміздер кеңінен насихатталып, мерекеленіп атап өтілді. Студенттік топ тәлімгерлері арнайы тәрбие сабақтарын өткізді. Университет деңгейінде арнайы іс шаралар кеңінен атап өтілді. Кездесулер, концерттер, бейне көріністер болды. Жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген қызметкерлер марапатталды.

Мелекеттік рәміздер күнін осылай кеңінен атап өтудің себеді, ол біздің ата бабаларымыздан бері аңсап келе жатқан дербестік пен тәуелсіздіктің белгісі. Рәміздерміз бізді дүние жүзіне танытушы белгілер. Мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Рәміздеріміз мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын айқындап бейнелейтін атрибуттарының бірі. Солар арқылы халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашағын, үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Еліміздің жастары үшін мемлекеттік рәміздердің тәрбиелік мәні зор. Жай ғана мысал. Түрлі спорттық ойындарда спортшыларымыздың жеңісі кезінде мемлекетіміздің көк байрағы арнайы көтеріліп биікте желбірейді. Әнұранымыз орындалады. Осы сәт еліміздің әрбір азаматы үшін зор мақтаныш, үлкен эмоция тудырады. Ташкенттегі бокстен жеңіске жетіп әлем чемпионы болған қандастарымыз өздеріне тиісті алтын медальдарын алған сәт естен кетпестей оқиға болды. Залдағы бүкіл қатысушы көрермендер түгелдей орнындарынан тұрып ән ұранымызды тоқтаусыз айтып шықты. Еліміз үшін өте әсерлі, мақтанышты жағдай болды.

Мемлекеттік рәміздер арқылы ұлттық патриотизмді қалыптастыру қызметі ерекше екені даусыз. Ойға салып қарайтын болсақ, мемлекеттік рәміздерімізде халқымыздың бүкіл бастан кешкен тарихы, бүтіндей мәдениеті және басқаларға ұқсамайтын ерекшеліктеріміз жатыр. Әсіресе, елімізден шалғайда жүрген азаматтарымыз үшін ерекше мақтаныш пен елге, жерге деген ерекше сағыныш сезімдерін туғызады.

Қазіргі кезде еліміздің барлық мекемелерінде мемлекеттік рәміздерге арналған арнайы орындар бар. Ол орындар ерекше күтімде болады.

Біздің ОҚУ-інің әрбір оқу корпусында арнайы безендірілген осындай орындар бар. Сонымен қатар, студенттердің және оқытушылардың патриоттық рухын көтеру үшін таңертеңгі басталатын алғашқы сабақтардың барлығы еліміздің әнұранын музыкалық тыңдаудан басталады. Ол үшін оқу корпустарының әр қабатындағы коридорларда арнайы динамиктер орнатылған.

Біз көк туымыз желбіреген мәңгілік елміз. Жылдан-жылға мемлекетіміз дамып, өркендеп келеді. Елімізде халық саны да едәуір артты. Соған байланысты, өткен жылы үш жаңа әкімшілік облыс жаңадан құрылды. Бұрынғы Алматы облысы екі дербес облыстарға бөлінді. Орталығы Талдықорған қаласы болып Жетісу облысы құрылды. Орталығы бұрынғы Қапшағай қаласы болып Алматы облысы құрылды. Қапшағай қаласының өзі Қонаев қаласы болып өзгертілді. Шығыс Қазақстан облысы екіге бөлініп одан, Семей қаласы орталығы болып, Абай облысы құрылды. Қарағанды облысынан, Жезқазған қаласы әкімшілік орталығы болып, Ұлытау облысы құрылды. Осы трансформациялық жұмыстардың барлығы өңірлердің экономикасына оң әсер етеді деген ойдамыз. Болашақта сондағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайлары жақсаруы тиіс.

Елімізде 2022 жылы республикалық референдум өткізіліп ата заңымыз, Конституцияға ерекше өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Енді президентіміз бір ақ рет 7 жылға сайланатын болды. Конституциялық Кеңес конституциялық сотқа айналды. Осылайша саяси модернизация процесі басталды. Ол деген сөз, еліміз өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басқанын білдіреді. Мемлекеттік реформалардың нәтижелілігін уақыт көрсетеді.

Әр азаматтың қанында отан сүйгіштік қасиет мемлекеттік рәміздерді қастерлеуден басталады. Еліміз дамып өркендей берсін! Елді, жерді қорғау біздің санамыздағы ең басты партриоттық сезім болсын!

**М.Н. Ахилбеков, т.ғ.к., доцент,**
**аграрлық факультет,**
**«Су ресурстары, жерге орналастыру және агротехника» кафедрасы**

# М.Әуезов атындағы ОҚУ заманауи мамандар дайындаудағы алатын орны

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ірі жоғары оқу орны, ғылым орталығы және мәдени-гуманитарлық мекеме ретінде пайда болуы, қалыптасуы және кейінгі дамуы аймақтың өндіргіш күштерінің, оның экономикасының қарқынды өсуінің, әлеуметтік және мәдени процесстердің объективті және адекватты көрінісі болып табылады.



Университетте аймақ, республика және әлемдік кеңістік экономикасының барлық салаларына, ғылымы мен мәдениетіне арналған мамандар даярланады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті республикамыздың жоғары білім беру саласының ең жарқын брендтерінің бірі болып табылады. Оңтүстік аймақта ОҚУ - оқытушылар мен студенттер құрамындағы ғылым, спорт, музыка және шығармашылық жұлдыздар саны бойынша, сонымен бірге әлеуметтік-тәрбиелеу жұмысының жоғары деңгейі бойынша да сөзсіз көшбасшы. М.Әуезов атындағы ОҚУ - көп салалы білім беру мекемесі.

Бүгінгі таңда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті - Қазақстан Республикасының ірі және көп салалы университеті, аймағымыздың инфрақұрылымының дамуы мен қалыптасуына, халықаралық қоғамдастықтағы интеграция мен жаһандану үрдістеріне белсенді қатысатын ғылыми-білім беру, интеллектуалдық, мәдени орталығы. Университет Қазақстанның оңтүстігіндегі 80 жылдық тарихы бар жоғары техникалық, гуманитарлық және спорт саласында білім берудің үлкен мектептерінен құралады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әлем деңгейінде «Топ -500» құрамында, соның ішінде 443 орынды иеленген, Азия мемлекеттерінің арасында 177 орында, ал ҚР бойынша үздік үштікке кіреді.

Университетте 5 жоғары мектеп, 8 факультет, 2 институт (білім берудің инновациялық технологиялар институты, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты), білім беру - ақпараттық орталығы, 10 ғылыми-зерттеу институты, 7 ғылыми - зерттеу орталығы, 3 ғылыми зертхана, шетел студенттермен жұмыс істеу департаменті, әскери кафедра бар.

М.Әуезов атындағы ОҚУ 125 бакалавриат, 85 магистратура, 23 PhD докторантура мамандықтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға мүмкіндік береді. Барлық білім беру бағдарламалары халықаралық және ұлттық аккредитацияға ие. Оқу үдерісін ұйымдастыру үшін университеттің өз иелігінде 16 оқу корпусы (оның ішінде 3 спорт кешені, бассейн), 5 студенттік жатақхана, университеттің оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған 1 жатақхана, қала сыртындағы оқу-жаттығу орталығы және оқу-жаттығу полигоны бар.

Университет 14 халықаралық ұйым мен қауымдастықтардың, оның ішінде Еуропалық университеттер қауымдастығы (EURASHE), Еуропалық қонақжайлылық жоғары оқу орындары қауымдастығының (EURHODIP), Еуразия университеттер қауымдастығының мүшесі, сондай-ақ «ТМД желілік университеті» үйлестіру кеңесінің құрамына кіреді, Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетінің базалық жоғарғы оқу орны болып келеді.



М.Әуезов атындағы ОҚУ әлемнің 23 елінің 173 аса әріптес университеттерімен және ғылыми – зерттеу ұйымдарымен ынтымақтастық орнатқан.

«Спорт және туризм» факультеті - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің маңызды құрылымдық бөлімі болып табылады.

«Спорт және туризм» факультетінің білім беру бағдарламалары:

1. 6В01440 - «Дене шынықтыру және спорт»;

2. 6В01410 - «Бастапқы әскери дайындық»;

3. 6В11110 - «Туризм»;

4. 6В11111 - «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі»;

5.6В11150 – «Спорттық менеджмент, тынығу және жаттықтырушылық қызмет».

Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейін білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура) оқуға болады:

7М11140- «Спорт менеджменті және жаттықтырушылық қызметі»

7М11110- «Туризм»

Университет төмендегідей спорттық базалармен жабдықталған:

Үлкен жарыстық-спорттық жетістіктерге жету үшін университеттің спорттық базасында барлық жағдай жасалған: олимпиадалық стандартқа сай жүзу бассейні, 3 спорттық кешені «Буревестник» спорт кешені, «Денсаулық» спорт кешені, 12 спорт залы, 3 футбол алаңы, жеңіл атлетика манежі, 2 бокс залы, 2 күрес залы, 2 теннис корты, 2 ауыр атлетика залы, ашық спорт алаңдары бар.

Тау шатқалындағы «Технолог» спорттық сауықтыру лагері жабдықталған.

Оқу орнында спорттың 16 түрінен спорт секциялары құрылған.

Күрес түрлері қазақша күрес, самбо, дзюдо, еркін күрес, грекрим күресі, белбеу күресі.

Бокс, волейбол, футбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, шахмат, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, жүзу, теннис.

Спортшыларға, әлеуметтік топтарға жататын студенттерге қолдау көрсету үшін жағдайлар жасалуда.

Университет Ғылыми Кеңесі түрлі спорт түрлерінен ұлттық құрама командаларында өнер көрсететін спортшыларға университет атынан грант бөліп келеді. Бүгінгі таңда мұндай спортшы студенттердің саны 100-ден асады. Спортшыларға және әлеуметтік топтарға жататын студенттерге университет басшылығы 15-100 пайызға дейін оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған.

Факультетіміздегі білім беру бағдарламалары бітіруші түлектері түрлі салаларда жұмыс жасай алады.

Туризм, мейрамхана бизнесі және қонақ үй бизнесі мамандықтары жұмыс орындары тек туристік фирмалармен ғана шектелмейді. Туристік қызмет көрсету нарығына байланысты кез-келген ұйымдарда жұмыс жасауға болады. Жолаушыларды тасымалдаумен айналысатын компаниялар, тәлқұжаттық-визалық қызметтер, кеден органдары, туристік бюролар және қонақ үйлер, мейрамханалар, санаторийлер, фитнес-клубтар, демалыс үйлері және т.б.

6B01410-«Бастапқы әскери дайындық» және 6B01440-«Дене шынықтыру және спорт» білім




беру бағдарламалары бойынша білім алған бакалавр мынадай кәсіби іс-әрекет түрлерін орындай алады:

- орта мектептердегі, гимназиялардағы, колледждердегі Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі;

-ұлттық жасөпірімдер мен балалар спорт мектептерде және спорт клубтарда нұсқаушы маманы;

- дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім ала жүріп әскери кафедра оқу мүнкіндігі бар;

- әскери бөлімдер мен әскери оқу орындарында қызмет атқару;

6B11150-«Спорт менеджменті, тынығу және жаттықтырушылық қызмет» білім беру бағдарламасы бойынша білім алған бакалавр мынадай кәсіби іс-әрекет түрлерін орындай алады:

- спорт индустриясы субъекттерінде аналитикалық, маркетингтік, қаржылық, экономикалық, басқарушылық қызмет;

-таңдаған спорт түрлері бойынша аудандық, республикалық федерациялар, кәсіби спорт клубтарда, спорт мектептерінде басшылық қызмет және жаттықтырушы;

-қалалық, аудандық, облыстық, республикалық дене шынықтыру және спорт басқармаларында;

- орта білім беру мекемелері мен колледждер жанындағы спорт үйірмелері мен клубтарында;

- арнайы курс өту арқылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі бола алады.

**Демеуов А.К., «Спорт және туризм» факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;**

**Есенова А.Е., «Халықаралық туризм және сервис» кафедрасының меңгерушісі, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент;**

**Ахелова А.Л., «Халықаралық туризм және сервис» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.**



## - ориентированное мышление студентов технических специальностей -

# РИСК КАК СОВРЕМЕННОЕ УСЛОВИЕ



**Риск-ориентированного мышления остается важнейшей государственной задачей, составной частью обеспечения национальной безопасности и, образование, в этом вопросе, играет первостепенную роль.**

Формирование культуры безопасности жизнедеятельности начинается с первой ступени образования – детского сада, продолжается на второй ступени – в школе, третья ступень – ВУЗ, здесь закладываются знания, умения необходимые для профессиональной деятельности. Успешное разрешение указанных проблем в техносфере возможно при использовании непрерывной опережающей профессиональной подготовки по безопасности машиностроительной отрасли. Особое место при этом должно отводиться формированию риск-ориентированного мышления обучающихся на основе современных педагогических технологий, способных преодолеть разрыв между теорией и практикой, обеспечить подготовку специалистов, готовых быстро адаптироваться, эффективно и активно преобразовывать изменяющуюся среду в соответствии с принципами безопасности, осознавая ответственность за принятые решения, так как последствия прогнозируются и наглядно демонстрируются во множестве учебных ситуаций.

Риск-ориентированное мышление — это способность индивида определять ситуацию с позиции риска, идентифицировать, анализировать и оценивать риск, использовать имеющиеся способы снижения риска с целью получения положительного результата. Следовательно, формирование риск-ориентированного мышления обучающихся – целенаправленный процесс воспитания и обучения, направленный на усвоение знаний, умений и навыков идентификации, анализа и управления факторами риска, на понимание и принятие ответственности за принимаемые решения, а также на выработку потребности в непрерывном развитии.

При разработке педагогической технологии формирования риск-ориентированного мышления студентов и соответствующего методического необходимо было учесть некоторые сложности.

Создание и использование педагогической технологии формирования риск-ориентированного мышления ведет к усилению образовательных возможностей. При помощи сконструированной педагогической технологии педагог может наиболее гармонично построить педагогический процесс, определить диагностируемую цель, формы и методы обучения и воспитания, средства диагностики; снизить роль субъективного фактора при проведении контроля; больше внимания уделять вопросам воспитания, индивидуального и личностного развития обучающихся.

Учитывая особенности учебных планов и сложность, взаимосвязь указанных дисциплины, было проведено исследование, в ходе которого были обоснованы основные условия формирования риск-ориентированного мышления обучающихся в ходе преподавания дисциплин.

Риск-ориентированное мышление совершается при помощи мыслительных операций анализа, сравнения, синтеза, абстрагирования, обобщения, которые конкретизируются в контексте исследования. Данная последовательность мыслительных операций используется при анализе производственных и профессиональных рисков в рамках учебного процесса студентов направления подготовки «6В07120-Машиностроение». Использование данного алгоритма имеет ряд положительных преимуществ.

**Абзалова Д.А., Ибрагимова З.А.**
**доценты кафедры «Механика и машиностроение»**

# Востребованный специалист – путь к будущему



**Глава государства уделяет особое внимание образованию. Для будущего поколения ключом к достижению процветания и высокого статуса является освоение технического образования. Всем известно, чтобы способствовать процветанию Казахстана - молодым необходимо быть всесторонне образованными, а преподавателям – постоянно совершенствовать качество образования. Другими словами, президент подчеркнул, что внедрение современных практик и использование передовых технологий образования является ключевым механизмом развития общества и государства.**

Благодаря конструктивной политике главы государства сектор образования набирает обороты. Сегодня инновации в образовании – совершенствование механизмов преподавания и укрепления взаимодействия молодежных инициатив. Хорошо известно, что образование и воспитание – единое целое. Это - формирование современного конкурентоспособного и образованного поколения. Воспитание достойного молодого поколения является основной обязанностью не только родителей, но и преподавателей. В связи с этим хотелось бы остановиться на работе, проводимой на кафедре. Каждая группа студентов на кураторских часах обсуждает важные события, которые происходят в мире. Это и Рухани жаңғыру, кодекс чести, контролируется методы преподавания профессорско-преподавательского состава.

Коллектив кафедры «Технологические машины и оборудование» ЮКУ им. М. Ауэзова успешно работает в рамках этой задачи. Различные производственные предприятия увеличивают спрос на инженеров-механиков. Благодаря этому спектр специализации расширяется и совершенствуется в направлении использования новых современных технологических линий. Это позволит удовлетворить потребности расположенных промышленных предприятий в южном регионе. Выпускники специальности *6В07180 – «Технологические машины и оборудование», 6В07181 – «Машины и оборудование нефтяной и газовой промышленности», 6В07182 – «Машины и аппараты пищевых производств»* могут работать в различных областях химической промышленности, переработки нефти и газа, нефтехимии, пищевой промышленности, строительства и монтажа, в научно-исследовательских и проектных институтах, на месторождениях нефти и газа. Выпускники востребованы на предприятиях транспорта, природоохранных учреждений при проведении экологической экспертизы машин и технологий, на горнообоготительных предприятиях.

Высококвалифицированные преподаватели кафедры (2 доктора наук, 6 кандидатов наук, 2 PhD и магистры) работают над повышением квалификации студентов по нашей специальности. Важна современная научно-техническая и методическая база, которая помогает студентам кафедры стать наиболее успешными и востребованными специалистами. В процессе обучения наши студенты проходят практику, стажировку, преддипломные практики на различных предприятиях страны: **нефтегазоперерабатывающей** (ТОО «Петро Казахстан Ойл Продактс», Атырауский и Павлодарский нефтеперерабатывающие заводы, ТОО САУТС-ОЙЛ, АО «ОНТУСТИК МУНАЙ ГАЗ»), **пищевой** (ЗАО «Визит», ТОО «Капланбек», ТОО «Шымкентпиво», Макаронная фабрика «Корона», ТОО «Данинан» и «Алтын дан», ТОО «Рауан», ТОО «Рахат-Шымкент», ТОО Султан Маркетинг, ТОО «Туран», ТОО «АЛЕКС», ЖШС «Кайнар май», ӨК «Мөлдір тау бұлағы»), **химической** (ТОО «Казфосфат», АО «Актюбинский завод хромовых соединений», КАЗАТОМПРОМ, ТОО «Реактивные фосфорные соединения», ТОО «ЮЖТЕХПРОМ», АО «ХИМФАРМ»), **машиностроительной** (ТОО «Ленгерский машиностроительный завод», ТОО «KARLSKRONA», АО «Карданвал», АО «Южно-Казахстанский механический завод»), **транспортировке** (магистральные нефтегазопроводы) (АО НК «КазМунайГаз», КазТрансОйл, АО «Интергаз центральная Азия»УМГ Шымкент Полторацкого ЛПУ) и **хранению нефти и газа** (нефте- и газохранилища), а также на рудообогатительных комбинатах (рудники по добыче и обогащению сырья) (АО «Каратау»), **предприятиях по производству строительных материалов, изделий и конструкций** (домостроительные комбинаты, заводы железобетонных конструкций) (ТОО «ЮСТАЛЬКОН», ТОО «СТАНДАРТ ЦЕМЕНТ»), **механо-монтажных управлениях** (АО «НГСК КазСтройСервис», ТОО «Казмонтажстройконструкция»), **на предприятиях по добыче** (буровые скважины) (ТОО «ТЕНГИЗШЕВРОЙЛ», АО «СНПС-Актобемунайгаз», Казахстанскийфилиал, АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ», АО «КАРАЖАНБАСМУНАЙ», АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ», ТОО «SARYARKAGAZ»),

Выпускникам после окончания колледжа по итогам и прохождения комплексного тестирования по специальности, с 2012 года Министерство образования и науки Республики Казахстан начало предоставляет государственный грант на очную форму обучения. Это большая возможность от МОН для выпускников колледжа.

Кафедра готовит не только бакалавров по специальности «Технологические машины и оборудование», но и магистров и PhD-докторов наук. Кафедра также поддерживает тесные научные и производственные контакты с крупнейшими университетами: Российским химико-технологическим университетом им. Менделеева в Москве, Санкт-Петербургским государственным техническим институтом, Томским политехническим университетом, Ташкентским государственным техническим университетом им. И.А.Каримова и Белорусским государственным технологическим университетом (Минск). Ведущие ученые и преподаватели этих вузов регулярно читают лекции студентам и магистрантам кафедры.

Центр академической мобильности и Болонского процесса нашего университета предоставляет широкие возможности для студентов в рамках Болонского процесса. Кафедра имеет высокий уровень академической мобильности. Студенты кафедры обучаются по внешней академической мобильности в Пекинском университете транспорта (Китай), РУДН (Москва), Эсслингенском университете (Германия), Балыкесирском университете (Турция), Восточно-Средиземноморском университете (Кипр). Кроме того, есть возможность в течение одного семестра обучаться в ведущих университетах страны (Алматы, Астана, Актау и Семей) по внутренней мобильности.

В настоящее время сотрудники кафедры ориентированы на подготовку высококвалифицированных специалистов для Республики Казахстан. В нашем университете созданы все условия для получения высшего и послевузовского образования и становлении образованного и продвинутого поколения.

**Сейтханов Н.Т.**
**Кандидат технических наук, доцент, зав.каф. «Технологические машины и оборудование»**

**Кенжебеков Д. М.**
**Магистр, преподаватель каф. «Технологические машины и оборудование»**

# Қоғамның қозғаушы күші отбасы тәрбиесінен бастау алады




**Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.**

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарассын-жараспасын киімдерді киюі, өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қиындатып жібереді сондықтан ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар өздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. «2» алса жаман, «5» алса жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет балаларының сабағына қатыспайтын ата-ана, баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз болмайды. Міне, сондықтан отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі-баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қаншама ата-ана бар десеңізші. Халқымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы бар емес пе!

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжаңдатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса елдің қорғаны, Қыз туса елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты болмақ.

Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойларды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата – ана балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, немен айналысып жүргендігіне жіте көңіл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды оқуға жасынан дағдыландырса кейін бармақ тістейтін оқиғалардың алдын алуға болар еді.

Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу-бұл қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» т. б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын көреміз.

Сонымен, ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ.

«Біздің балалар-біздің қарттығымыз, жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші кең байтақ елімізде ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.Бабаларымыздан қалған «Тәрбие басы – тал бесік» — деген нақыл бар. Иә, данышпан ата-бабаларымыз бала тәрбиесін сол бесік жырынан тегін бастамаса керек. Бесікке бөленген сәби үшін тәрбие басы – Бесік жыры. Ананың бесік жырымен бесіктен шыққан бала әнге, өнерге сол құйттай кезінен жақын болады. Себебі ана сүтімен бірге құлағына сіңісті болған әсем ән ұрпақ үшін өмірлік серік болатынын ол кісілер жақсы білген. Қазақ халқының өлеңге, ақындыққа жақындығын ғалымдар осыдан деп түсіндіреді. Ол шындық та болар. Себебі бірер шумақ өлең құрай алмайтын қазақ жоқ. Ендеше бүгінгі заманауи кездің өзінде де сәбиді бесікке бөлеп өсірудің маңызы зор екенін ұмытпағанымыз ләзім. Бұл біріншіден, нәрестенің гигиеналық тазалығына, дене бітімінің жақсы қалыптасуына игі ықпалын тигізсе, ең бастысы, баланың бойына өнер дәнегін сіңіретіні тағы бар екен.

Адам үшін ең жақын әлеуметтік орта ол – отбасы. Отбасы – белгілі бір дәстүрлердің, жанға жағымды өнегелердің, асыл мұралар мен қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрдің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі – балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы – кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қиындатып жібереді. Сондықтан да ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар өздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. «2» алса – жаман, «5» алса – жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет балаларының сабағына қатыспайтын ата-ана, баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз болмайды. Міне, сондықтан отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі-баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қаншама ата-ана бар десеңізші. Халқымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы бар емес пе!

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын қасиет те солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжаңдатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу – ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызым өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса –елдің қорғаны, Қыз туса елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне тікелей байланысты болмақ.

Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойларды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата-ана – балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, немен айналысып жүргендігіне жіте көңіл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды оқуға жасынан дағдыландырса кейін бармақ тістейтін оқиғалардың алдын алуға болар еді.

Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу – бұл қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» т.б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын көреміз.

Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы болып табылады. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар – біздің қарттығымыз, жаман тәрбие – болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші, кең байтақ елімізде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы – ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.

Қазіргі заманға сай біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінде, аптаның 5 күні ішінде жеке психологиялық және социологиялық сауалнамалар мен тренингтер әр топтың білім алушылармен бірге жүргізіледі. Әр топтың білім алушыларына арналған апталықтар мен қатар тәлім-тәрбиені дамыту жолындағы негізгі мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес, біздің оқу орнымызда әр түрлі жиындар мен тәлім-тәрбиені ұмытпау жолындағы ашық сабақтар мен социологиялық зерттеулер және әр баланың психологиялық санасын ояту мақсатындағы жүргізілген іс-шаралар өз нәтижесін беріп келеді. Болашақты бастау қиын емес ал тәрбиені ұмытпау ол қоғамның қозғаушы күші болып табылады. От басындағы ата-ана тәрбиесінен бөлек қоғамдық ортадағы тәрбиенің мәні зор. Себебі қоғамдық ортада білім алушы өзінің сана-сезімін, қарым-қатынасын, ұлттық болмысын, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, болашаққа деген көзқарасын өзгертпей қана қоймай азаматтық құндылықтарын сақтап, өзінен кейінгі жас буын білім алушыларға үйретеді. Болашақты бастау ол біздің қолымызда.

**Бейсенбаева А.Б, әлеуметтік педагог**
**Әзімбаева А.Б, педагог психолог**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледж**

# Кітап оқу құлдырап келеді

*Затшылдық көзді байлады,*
*Алдына салып айдады.*
*Жан билемей, тән билеп,*
*Ақылдың соры қайнады - деп Шәкәрім ақын жырлағандай бүгінгі күні рухани байлықтан, «жан азығы» кітаптан алыстау, яғни «жан билемей, тән билейтінің» кеселге душар болғандығы анық.*



Шынында да кітаптан алыстап бара жатқан сияқтымыз. Өйткені бұрынғыдай табанынан тозып кітапханадан кітапхана қоймай, жағалапідеп жүргендерді көре қою сирек кездесетін оқиға боп барады. Бір кездердегідей тұнығына рахаттана сүңгіп, жастанып жатып сырласпайтын, мүлдемге жуық оқымайтын болдық. Осы бетімізбен кеткеннен кете берсек, рухани апаттың ауылы алыс емес, беті аулақ. Аталған саланың ыждахатты зерттеушілерінің айтуынша адам мен кітаптың арасын алшақтатып, достығына сызат түсірген «онлайн» режиміне кқшкен өмір салты көрінеді. Күллі болмысымызды жаулап алып виртуалды кеңістікке көшіріп жіберген заманауи жаңа технологиялар басты қазынамыз кітаптың ғасырлар бойғы үстемдігіне нүкте қойған секілді. Жүз пайыз нүкте қойылмаса да орны толмастай ойсыратып, қадамын шектегеніне дау ын жоқ. Мұның түбі бізге апат әкеле ме, , ой өрісіміз әлі жете қоймаған бақ әкеле ме белгісіз. Мұны қазірдің өзінде «төтенше апат пен нәубет» деп дабыл қағып жатқан әлемдік оқымыстылар төбе көрсете бастады. Осы саланы аса ыждаһатпен зерттеп келе жатқан американдық Николас Каррдың «The shallows»- «Таяздар» атты кітабынан көп нәрсеге көз жеткізуге болады. Мұны «интернет зердесі төмен адамдардың пайда болуына ықпал етіп жатыр» деп түсінсек болады. Оның айтуынша «Адамзат күн озған сайын ойланудан, ақылға салып таразылаудан қалып барады екен. Бұрын табақтай кітапты құныға оқып, тезінен бітіретін, көлдей мақаланы қиналмай отырып аяқтайтын, жазушының сөз саптасына тәнті болып түпкі ойын қалыпсыз түсінетін, ақындардың ойын зейін салып оқып, астарлы мағывнасын айтпай түсінетін.

Ал, қазір ше? Қазір екі үш парақтан соң шыдамы таусылады, назары басқа жаққа ауып, жаңары жылтырақты іздеп кетеді. Конпентрация жоққа тән. Ой шашыраңқы, көңіл тұрлаусыз, жүрек құбылмалы, күні кеше табиғи оңай көрінген, қадағалап оқу әдеті – бүгін нағыз қасіретке жан беріп, жан алысқан тайталас күреске айналыпты...» Сонымен қатар «апаттың, проблеманың басы осы, шалқар ақпарат мұхиты, түпсіз мағлұмат шаңырағы Веб әлемі» деп атап көрсетеді. Әрине, ол интернеттің пайдасын жоққа шығармайды. Оның уақыт үнемдейтінін, алысқа бармай-ақ іздегенін тауып алатынын, электронды пошта арқылы жұртпен қатынасып, бейнесабақтар арқылы тартымды дәрістер тыңдауға мүмкіндік алатынын мойындайды. Интернеттің күнгейімен қатар көлеңкесі де бар дей келе ой байыптау қабілетін шектей бастағанын айтады. Ғалымның байыпты пікіріне құлақ ассақ, «Интернеттегі мағлұмат шолақ, келте болғандықтан адамның білімін көтермейді, танымын кеңейтпейді. Үздік-үздік ақпарат бір-бірімен жымдаспаған соң тамырланып та кетейтін көрінеді». Осы орайда көрнекті жазушы Д.Исабековтың «күллі романымды электронды нұсқаға көшіргенде бар жоғы жеті минутқа сыйдырыпты, бұл не масқара» деп күйінгені еске түседі...

Сондай-ақ, Каррдың пайымдауынша, әлеуметтік желілерден де, смартфондардан да жалыға бастағандар көбейіп келеді. Осы орайда технологияның шыңына шыққан Жапонияның өзінде онлайнға да, интернетке де шектеу қойылғанын қайта газеттердің көбейе бастағанын еске түсірсек те жетеді.

Демек, қадірі кетіп, көп жерде жабылып қалған «жан азығымыздың» құтты орындары кітапханалардың қайтадан көптеп ашылатынына дау жоқ.

**А.С. Талман.,**
**Ш.Б.Сембиева,**
**«Қазақстан тарихы» кафедрасы**

# Тәуелсіздік – ұлттық тілімізді қадірлеуден басталады




**Шыны керек, менің тілім – қазақ тілі болғанын мақтаныш етемін. Әр адамға өз тілінен артық тіл жоқ деп санаймын. Қай заманда да ата-бабамыз есті сөзбен ессізді тоқтатқан. Ақын-жырауларымыз сөзден ой-маржанын теріп, артындағы ізбасар ұрпағының санасына құя білген.**

Қазіргі таңда тілімізді шұбарлап, қорлайтын, өз тілі тұрғанда ұялмай басқа тілде сөйлегенді мақтаныш көретін үлкендер де, жастар да жетіп жатыр. Оған өз басым күнде куә болып жүрмін. Жастардың орыс тіліндегі сөздерді жиі пайдалануы шынымен, адамды ашындырады. Тәуелсіздік алғалы осындай мәселелер жиі көтеріледі. Ондағы мақсат – ұлттық тілдің қадірін қайтару. Ал, негізінде тіл және тәуелсіздік бір-бірімен мазмұндас ұғымдар.

Тәуелсіздік – ұлттық қасиетті қадірлеуден басталса керек. Ал «өзінің ұлттық қасиетін, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» деген М.Әуезовтің керемет дана сөзі бар. Расында да, өз тіліңнің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің қадірін сезіну екіталай емес пе?! Талай ақын, шешен бабаларымызды бұлбұлша сайратқан, жарға соққан толқындай екпінді, наркескендей өткір тілімнің осынау уақытқа дейін тұншығып, қадір-қасиетінен айырылуға шақ қалғанда, қазақтардың көзі ашылып, қазақ тілін «мемлекеттік тіл» деп жариялады. Алайда, мәселе мұнымен біткен жоқ еді. Бойында не рухы жоқ, не қорқақ, не қара бас қамын ойлайтын «маған бәрібір» дейтіндер көбейді. Міне, сондықтан да өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Қазақ тілін алғаш қолданыста бәзбіреулер араб пен парсыны, одан кейін ноғайды былдырлатып, орысты араластырып тілді құртуға шақ қалғанда, аға-буын бұрқ етіп қайнаған, сарқ етіп суалған тілімізді қайтадан тірілтті.

Ал, қазір ше?.. Қазір де қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі үшін күресіп жүрген жандар көп. Бірақ сол «бір өліп, бір тірілген» тілдің қадір-қасиетін жоғалтып алған адамдар да аз емес. Оған кім кінәлі? Қоғам әлде адам? Қарапайым да мәңгілік сұрақтар... Дегенмен өткенге мойын бұрамын деп болашағымыздан айырылмауымыз қажет. Әрбір халықтың басында болар мұндай сұраққа жеріне жеткізе жауап беру, бәлкім, жасаған жалғыздың өзінің ғана қолынан келер. Ал, біздің міндет – «алтын күннен бағасыз бір белгі боп қалған» ана тілімізді қадірлеп көкке көтеру екені мәлім. Сондықтан да алдағы міндет те ұлттық тілдің ұлы тұлғасын кезеңдік бұрылыстарда тарих сахнасына өшпестей етіп шығара білуде болса керек. Себебі, қазіргі таңда «үш тұғырлы» тілдің туын жоғары деңгейге көтеру сияқты зор міндеттер тұр. Мұндайда әрі кең, әрі жүрдек бүгінгі күннің даңғылымен жүру үшін байырғы тәсіл жарамсыз болмақ.

Ұлттың болашағына, оның өзіндік «Мен» дегізерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау құр қиялдың жемісі емес. Мен де елімнің жырын, тілімнің мұңын Әбілқайырша айтқанда: «Жайықтың табанында бір тамшы су қалмағанынша, Қазақтың тамырында бір тамшы қан қалмағанынша» жырлап өтемін.

«Туған тілім тірлігімнің айғағы, Тілім барда айтылар сыр ойдағы. Өссе тілім, мен де бірге өсемін, Өшсе тілім, мен де бірге өшемін» деп, ақын Ә.Тәжібаев жырлағандай, тілі сақталған ұлт- мемлекет ретінде сақталған ел. Тілі жоғалған ел- ұлт ретінде жоғалған ел. Тіл қай елде, қай ұлтта болма сын қадірлі де құдіретті. Себебі ұлттың болмысын, ұлылығын, кісілік келбе тін, биік парасатын танытуда тілден артық күш жоқ. Тіл туралы Заңда ұлт тың болашағы — тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» деп анық айтылған. Қазіргі кезде тіліміздің қоғамдық қызметі қаншалықты кең? Бұл жағдай ұлтымызды қаншалықты алаңдата ды? Біз өркениетті, дамыған 30 елдің қатарына енуге жанталасып еңбекте ніп жатырмыз, алайда мемлекеттік тілінің қолданылу аясы шектеулі елдің сол елдердің арасындағы мәртебесі қандай болмақ? Осы жайында ойланамыз ба?

Себебі әрбір елдің қуатты күші, байлық – бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен айқындалады. Ал мәдени өре, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойының көрінісі – тілге тәуелді екені белгілі. Себебі, тіл – тарихымыз, тіл – мәдениетіміз, тіл – әдебиетіміз.Қырғыз халқының ұлы жазушысы Ш.Айтматовтың «Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін — ұлы» деген сөздерінен біз тіл мәселесі қай заманда да келелі мәселе болғандығын, әлі де бола береті нін түсінгендейміз. Себебі ана тілінің, мемлекеттік тілдің жағдайы бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселеге айналғаны қашан?! Тіл туралы қабылданған заңдарды да өмірдің өзі, қоғамның рухани жаңаруы туғызған еді.

Осыған орай, тіл саясаты да бүгінгі таңда ең өзекті, ең өткір мәселе екені баршамызға аян. Әрине, тәуелсіз еліміздің болашағы өз тілімен ғана алға қарыштары белгілі. ҚР Білім туралы заңында: «Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақ- стан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады» делінген. 9-бап Тіл саясаты мемлекетіміздің ұлт саясатының ажырымас бөлігі. Бірқатар маңызды әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалын ескере, ел саясатының осы екі бағытын бөле-жара қарастыруға келмейтінін білеміз. Мемлекеттік ұлттық саясат қазақ тілін дамытуға, оның жүзден астам этносты біріктіріп, ұйыстырушы рөлін күшейтуге бағытталған. Сол бағытта жоспарлы жұмыстар да өткізілуде. Дегенмен, тілді үйренуде өзге ұлт өкілдерінің жайбарақатты- лығы, немқұрайлылығы да байқалмай қоймайды. Оған негіз де жоқ емес. Басты себеп — өзіміз. Қазақтың өзі қазақ тілінде сөйлеуге арланса, оны жетімсіретсе, тілін білмегеніне намыстанбаса, өзге ұлттан не сұраймыз? Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінің астарында ұққан адамға, үлкен тәрбие де, саясат та, ақыл да, ұсыныс та, қала берді, та- лап та бар. «Еліміздің болашағы-жастарда» дейміз. Ендеше,қазіргі жастары -мыздың бойына тілге деген құрметті қалай сіңіруге болады?! Менің ұстаз ретінде айтарым, мұндағы үлкен жауапкершілік ата-аналардың мойнына түседі, олардың ұлтжандылығына, намысшылдығына байланысты. Ана тілін сүйетін, бағалайтын ата-ана ұлтжанды, тілін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелей- ді. Әрине, мектепке артылатын міндетті жоққа шығарып тұрғаным жоқ. Алайда,»тәрбие-тал бесіктен» демекші, тәрбие негізі отбасынан, кейін балалар бақшасы мен мектептердегі терең тәлімнен қаланады. Нақтырақ айтсақ, баланың тілі ана тілімен шығуы керек. Ол үшін ата- анасы қазақша сөйлеп, тіліне деген құрметін баласына көрсетуі жөн. Бірақ бала тілін әрі қарай дамытуы үшін баратын балабақшасы да таза қазақ тілін-

де болуы шарт. Осындай тізбектің жалғасы мектепке барғанша үзілмегені дұрыс. Басты факторлардың бірі- араласатын достары да өзі сияқты тілді құрметтейтін, қазақша сөйлейтін орта болуы керек. Ең маңыздысы, осы аралықта баланың бойында ана тіліне, туған жеріне, салт-дәстүріне, тарихына деген мақта- нышын ояту. Мұндай бала қай жерде жүрсе де, кімдердің ортасында болса да, өз тілін ешқашан ұмытпайды.Оған дәлелшетте жүрген қандастары- мыз, бауырларымыз. Тәуелсіз еліміздің керегесі кең, шаңырағы биік болып, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдеріне қосылу үшін білімді, ғылымды дамытуымыз қажет. Болашақ ұрпақтарымыз әлемдік білім деңгейінде де өзге елдермен терезесі тең, бәсекелестік дәрежеге жетуі керек. Бұл тұрғыдан зерделер болсақ, көреген А.Байтұрсынов «Білімсіз халық қанша бай болса да, байлығы басқа халықтың қолына көшеді» деп біліктілікпен айтып кеткен. бабамыздың айтайын дегені де «алған білімі ана тіліне деген махаббатқа суарылсын» деп,пайымдауымызға болады.Білім беру ұйымдарындағы, әсіресе мектепте тіл саясатын жүзеге асыру- ұстаздар қауымының,-соның ішінде тіл мамандарының ең басты парызы, міндеті.

ҚР 2030 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында Елбасы -мыз Н. Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай отырып: «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлығы емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені, олар – біздің ұлтымыздың болашақ айна- сы» деген болатын.Олай болса, бүгінгі білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ойөрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға даярлау. Ол мақсат – тәуелсіз елдің жеткіншек ұланын өз ана тіліне үйрету, қазақ тілінде еркін сөйлей алатын, ұлтжанды, нағыз патриот – қазақ тәрбиелеу.

Ана тілін құрметтеуге, тіл тазалығы үшін күресуге, ұтымды да ұтқыр сөй -лей білуге, сөз мәдениетіне тәрбиелеуге тек тіл мамандары ғана жауапты деп санамай, әр ұстаз мұғалім ретінде ғана емес, тәрбиеші ретінде оқушының дұ -рыс сөйлей білуіне, сөз әдебіне зер салып, назар аударып, бұрысын түзеп, тіл шұбарлауына жол бермей, иісі қазақ, ұлт жанашыры ретінде күресе білсе, нұр үстіне нұр емес пе? Біз тек сөзімізбен емес, ісімізбен де үлгі бола білуіміз керек. Тіл, әдебиеті маманы ретінде өз тәжірибемде оқушылардың ана тіліне деген қызығушылығын қалыптастыру мақсатында көркем шығарманы, ха -лықтың асыл сөздерін оқып, зерделеріне тоқи білуін үнемі басты назарда ұстаймын. Әрине, бүгінгідей ақпараттанған заманда мұғалім тарапынан көп еңбектенуге тура келеді. Бұл бағытты белгілі бір көркем шығарманың, аяқ- талмай қалған әңгіменің немен бітетіні ,әрине, оқушыны қызықтырады. Ондай жағдайда оқушының өз қиялымен оқиғаны әрі қарай өзінше аяқтап келуге тапсырма берілуі де баланың шығармашылық қабілетін, тілін дамыту ға игі ықпалын тигізеді. Сабақтағы шығармашылық тапсырмалар, ауызша, жазбаша тіл ұстарту, тақырыптан соң ойтолғау, эссе жазуды ұсыну, бір-екі шумақ өлеңдер құрастыру, мінездеме, портреттер жасату – өзім сабақ беретін сынып оқушыларының дағдылы іс-әрекетіне айналған. Баланың қиялын да мытып, ойын ұштауда теледидар да бүгінгі тандағы тәрбие құралы.«Азамат», «Тіл», «Көкпар» бағдарламаларын тыңдаған оқушы сөз мәдениетіне, тіл мәде ниетіне үйренері сөзсіз. Бұл бағытта, әсіресе, ашық әңгіме, пікірсайыстардың оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыруда көмегі зор, оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттырып, сөйлеу дағдыларын дамытып, бір-бірінің пікірлерімен санаса білуге баулып, өзара сыйластыққа тәрбиелеуді дамытуға оң әсері болғаны кәміл. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамды қажет етеді. Тәуелсіз елдің ертеңгі ұрпағы өз тілінің жанашыры ғана емес, кез-келген ортада, ғылымның қай саласын меңгерсе де ең алдымен өз ана тілінде ойлап, өз ана тілінде сөй- лей алатын, пікір сайыстыра алатын, өзіндік «мені» бар тұлға болуы керек.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгі- зілген.

Бабалардан қалған асыл қазыналардың бірі – тіліміздің жоғын жоқтап, талай тар жол, тайғақ кешулерді бастан кешірген аталарымыздың жолын қуар, тіл болашағына жарқын жол іздер бүгінгі жалындаған жастар екеніне сенімдіміз. Елбасы өз сұхбатында «Ең алдымен, қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс. Осы жылдар ішінде ол өзінің ана тілін үйренуге міндетті еді. Бұл талап ешқандай да адам құқығына қол сұғу ретінде қаралмауға тиіс. Бұл – парыз, адамдық парыз. Перзенттік парыз. Қазақ елі бар да қазақ тілі де болады» деп айтқан еді. Әр халық, әр адам өз тіршілігі үшін, қажет болса, ана тілінен өзге тілді өзі ізденіп, оқып үйренеді. Олай болса, біздің алдымызда егемен елдің жан-жақты біліммен, тәрбиемен қаруланған, саналы, көкірегі ояу, көзі ашық, халқының бай ауыз әдебиетінен сусындаған, сайып келгенде намысын қорғай алатын, ана тілін құрметтейтін ұрпағын тәрбиелеу міндеті тұр.

Қазіргі таңда біздің оқу орнымыз М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің әкімшілігімен бірлесіп, барлық мамандықтарға арналған «Тәуелсіздік – ұлттық тілімізді қадірлеуден басталады» атты тақырыпта тәрбиелік іс-шаралар әр апта сайын топтар арасында ұйымдастырылып тұрады. Осы себепті біздің болашағымыз тіліміз бен тарихымызды сақтап қалудан басталып қана қоймай, тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды құрметтеп, болашақ жастардың ой-санасына күн сайын айтып қадағалап отыруымыз керек. Ойымды Қадыр Мырза Әлінің «Ана тілің -арың бұл,Ұятың боп тұр бетте, Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген дана сөздерімен аяқтағым келеді.






**Досмұхамбетова Айнұр**
**Серікқызы,**
**қазақ тілі пәні оқытушысы**
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі,**



# Қазақтың дастарқаны мен тамақтану мәдениеті

Әр ұлттың өзіне ғана тән ұлттық коды болады. Қазақ халқының ұлттық кодын айқындайтын бірнеше факторлардың ішіндегі маңыздысы ұлттық тағамға үлкен мән беруі, тағамды, дастарқан мен дәм-тұзды ерекше қастерлеп, қадірлеуі болып табылады. Үлкендер дастарқан мен нанды және тұзды «киесі ұрады» деп аяқ асты қалдырмаңдар және басуға болмайды деп отырады. Дастарқанды құт-береке, бақыт-байлық, ырыс-ынтымақтың ұйытқысы, нанды адам арқауы, тіршілігінің тірегі деп қарап, қандай жерде тамақтанса да, бірінші кезекте дастарханға нанды қойдырып, «бісміллә» деп нанды үзіп жеп, сонан кейін ғана барып асқа отырған.



Қазақ халқы дастарқан тәрбиесіне ерекше мән берген. Асқа отыратын кезде міндетті түрде қол жуып, сонан соң дастарқан басына отбасы мүшелері түгел жиналып, жас мөлшеріне қарай төрден бастап дастарқанды айнала отырып жайғасады. Қонақ келсе қолына су құйып, таза орамал ұсынып, төрден орын ұсынады. Егер қонақ бірнеше болып келсе, оған жасы мен жолына қарай төрден немесе өзіне лайықты жерден орын береді. Шайды сол үйдің әйелі, қызы немесе келіні құйып беріп отырады. Балаларға басқалардың алдына өтіп тағамға қол созбау, тамақты ары-бері араластырмау, ағызып-тамызып, төгіп-шашпай тамақтану туралы әрдайым айтылып отырады. Тағы да тәрбиелік мақсатта балалардың дастарқан басында шаш тарап, айнаға қарамауын қатаң ескертіп отырады.

Ас үстіне келген адамдарға дәм татқызып, үлкен кісілер келсе тұрып орын беру, қонаққа келген үйдің ас-тағамына мән, сын тақпау, басқалар тамақ ішіп жатқанда «болдым» деп орнынан тұрып жүріп кетпеу, жата қалмау, теріс қарап отырмау, дастарқанға бата жасалған соң тұру сияқты жөн-жоралғылар әрдайым отбасы мүшелеріне айтылып отырады.

Қазақта үйіне келген адамға «ауыз ти» деп дәм татырған. Дана халқымыздың «Ас – адамның арқауы», «Астан үлкен емессің», «Ерді қорласаң састырар, асты қорласаң құстырар» деген мақал-мәтелдер осының дәлелі. Өзінің қадір-қасиеті мен құрметін де қазақ кең дастарқаны арқылы көрсеткен.

Тамақ ішу де – өнер. Ия шын мәнінде солай, дұрыс тамақтана білу үлкен өнер. Бұл өнердің ең басты шарты – тамақ ішкенде нені, қашан, қанша және қалай ішуді білу. Дұрыс тамақтанудың маңызы, оның денсаулыққа әсері бізге көптен белгілі.

Қымыз, саумал, шұбат сияқты ұлттық сусындарымыз, ет, сорпа, құйрық май тәрізді ұлттық асымыз адам тәнін дерт дендеген кезде емдік қасиеті бар екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. «Жақсы тамақ тұрған жерге жаман ауру жолай алмайды» дейді қазақ.

Қазақ халқы ас-су, азық-түлік тазалығы тәрбиесінде ұрпақтарына «Тазалығың жақсы болса, денің сау болады», «Лас су ішіп, бұзылған тамақ жеген – аурудан айықпас», «Ауру мен дерттің анасы – ластық», «Қол мен ауызды жумай ас ішкенің – тас ішкенің» деп сусын мен азық-түлік тазалығына мұқият қараған. Тіпті «Тазалығы жоқтан ар - ұят сұрама» деп тазалықты ар-ұятпен сабақтастырған.

Қазақ халқы ауызсу тазалығына да ерекше көңіл бөлген. Ұрпақтарына таза бастау, бұлақ сулары мен құдық суларын пайдалануды үйретіп, лас, жарамсыз суларды пайдалануға қатаң тыйым салған. Ас-тағамдарды таза қолдану, ет-сүтті әбден пісіріп барып пайдалану, тамақтың алдында, соңынан қол жуып, ауыз шаю, азық-түліктердің бетін ашық-шашық тастамай жауып жүру, тісті аршадан басқа нәрсемен шұқымау, түрегеліп жүріп, жатып, жүрелеп отырып ас ішпеу және тамақ іше салып жата кетпеу сияқты толып жатқан ғылыми қағидаларды түсіндіріп, ұрпақтарының таза азамат болып қалыптасуына күш салады. Ас-тағам әзірлейтін кезде немесе түйе, қой, бие, сиыр сауу алдында қолды, ыдысты таза сумен жуып, онан соң ас-су әзірлеп, мал сауу керек екендігін әрдайым айтып отырады.

Атам қазақтағы «Дастарханың кең болсын, пыйғылың оған тең болсын» деп келетін бата да қазақтың кеңпейіл бай дастарқанынан туса керек. «Дастарқанда дән тұрса, үйде мән тұрады, тірлік баянды болады» деп қазақ аналары үйінен дән үзгенді жек көреді де, дастарқан мәзірін дәнмен сәнге келтіреді. Келген қонақтың алдына дастарқанды молынан жаяды. Оны бауырсақ, нан, құрт, ірімшік, сары май, қаймақ, қатық, қант, тәтті, әр алуан жеміс-жидек тағамдармен толтырады, қонақтың көз жауын алардай етіп, рет-ретімен тізеді, қою қаймақты шай береді. Реті келсе қой сояды, мол ет асады, қонағының көңілін жайлы етуге тырысады. Мұны қазақ кәдесінде «дастарқан дәмі» деп атайды.

Атаның ақ жолы, ананың ақ дастарқаны қашаннан-ақ қазақ халқының даңқын дүниеге әйгілеп келе келе жатқан берекенің қаймағы екенін айтпасақ та түсінікті. «Ассыз өмір жоқ, дастарқансыз береке жоқ» деген қанатты сөздер дастарқан дәмінің маңызын түсіндіреді, қасиетін ұғындырады.

Өскелең ұрпағымыз үшін пайдалы болар дастархан басындағы әдептерге тоқталып кетейік:

1. Дастархан басына қол жумай отырмайды. Егер қол жумай дастархан басына отырса, астың құты қашады, берекесі кетеді дейді. Атам қазақта «Таза асқа, арам қолды салма» деген мақал бар.
2. Дастархан басында қисайып жатып тамақ ішпейді. Себебі ол жаман ырым. Дені сау күнде ауыру адамның бейнесін еске түсіреді. Атам қазақта «Сау басыңа сахина тілеме» деген мақал бар.
3. Дастарханға ең әуелі үйдің үлкендері отырып, жайғасып болмай, балаларды бұрын отырғызбайды. Себебі үйдің құты мен берекесі үлкендерде тұрады. Оның үстіне үлкендер жайылған дастархан дәміне ықылас білдіріп, ақ бата жасайды, тілек білдіріп бет сыйпайды. Атам қазақта «Ас - адамның арқауы», «Батасыз ішкен ас батпас» деген мақал осыдан қалған.
4. Тамақты оң қолмен алып жейді. Нанды сыңар қолмен сындырмайды. Егер сол қолмен тамақ алып жесе, ісі оңға айналмайды. Атам қазақта «Ісің оң болсын, жолың оң болсын» деген сияқты көптеген жол-жоралғы сөздер бар.
5. Дастархан басында түзу отыру керек. Алдыға келген асты қастерлеп, «Жаман, дәмсіз екен» деп айтпау керек. Алдыға келген асты мақтап жеу керек. Ол сонда ғана дәмді әрі жұғымды болады.
6. Дастарханды аяққа баспау, теппеу, астан асырып түкірмеу, нан қоқымын түсірмеу, асты шылпылдатып жемеу, төгіп-шашпау, ас үстінде түшкіріп, жөтеліп, құлақ-беті қолды шұқымау, басқа қонақтардың алдындағы асқа қол созбау, өз алдындағы асты мәдениеті түрде әдеппен, сыпайы түрде алып жеу керек.
7. Дастархан басында, кез келген жерде нан қоқымын жерге түсіріп, аяққа басуға болмайды. Атам қазақта «Ас атасы – нан», «Нан - қан, қан – жан» деген мақал бар. Адам басына кедейлік нан қоқымын аяқпен басудан келеді деп ырымдайды.
8. Ақ ырыс - сүт, айран, шұбат, қымыз, іркіт, қымыран сынды сусындарды дастархан үстіне шара, кеселерге құйып қойған соң көп телміртпей, тез ішіп алу керек. Атам қазақта «Ақ телмерісе, бақ тілмиреді, Бақ тілмірсе, несібе кемиді» деген тағылымды маржан сөз бар.
9. Қазақ ырымында таңғы асты тастамайды. Үйден шығар бұрын қандай асығыс болса да, бір үзім нан, бір жұтым су ішіп барып сыртқа, жолға шығады. Атам қазақта «Таңғы асты тастама, кешкі асқа қарама» деген сөз бар. Таңғы астан ауыз тимей не ішпей үйден сыртқа не алыс жолға шығып кетсе, ол үйге құт оралмайды, сыртқа кеткен кісінің жолы болмайды, істеген ісі мандымайды, жол бойы берекесі қашады деген түсінік бар. Таңғы ас - денсаулықтың кепілі деп білген.
10. Қазақ дастархан жайғанда ең алдымен бірінші болып, дастарханға нан қояды. Себебі Ас атасы - нан. Наннан бұрын басқа тағамдарды қойса, дастархан киесін жоғалтады дейді. Ақырын - ақырын дастархан дәмі азя береді. Сүйтіп соңы жоқшылыққа, ашаршылыққа ұшыратады деп ырым етеді. Атам қазақ бағы замандарда сертескенде дастарханға нан қойып «Нанға серт», «Міне, нан тұр» деп оң қолдарымен нан ұстап сертесетін болған. Ал, сертіне опасыздық жасаған антұрғанды «Нан атсын», «Нан ұрсын» деп қарғайтын болған.
11. Дастарханнан ас ішіп болған соң, ас ішкен ыдысын төңкеріп қоюына болмайды. Бұл жаман ырым, жаман әдет, үлкен әдепсіздік саналады. Олай ететін адамдар өзінің өштескен, жек көретін, жау санайтын адамдарының үйіне барғанда әдейі солай істеп, үй иесін қастап ренжіту үшін солай істейді. Атам қазақта «Асын ішіп аяғын төңкерме» деген мақал бар.
12. Қазақ дастархан басына кетік, шытынаған ыдыспен сусын, шәй құймайды, тамақ салып жемейді. Атам қазақта «Кетік ыдыс - кембағалдық белгісі», «Кетік кеседен су ішсең - бірге у ішесің» деп текке айтпаған. Ал сыйлы қонаққа кетік ыдыспен ас тарту өң үлкен әдепсіздік саналады.
13. Дастархан басында түрегеліп тұрып тамақ ішуге болмайды. Ол әдепсіздік болады. Бір жағы жаман ырым саналады. Жаугершілік заманды еске салады. Атам қазақта ас үстіне кірген адамға «Тізеңді бүк, ас іш, ас ауыз ти» деген ілтипатты ырым бар.
14. Үйге қонақ келгенде, дастарханға қойған асты, қонаққа бірінші болып береді. Атам қазақта «Қонақ он несібемен үйге кіреді, бір жеп, тоғызын үйге тастап кетеді» деп ырымдап, келген қонақты аса жоғары құрметпен қарсы алады. Қазақ «Қырықтың бірі қыдыр» деп қонағын бақ пен бақытқа балайды, әрі бәйек болып күтіп ренжітпей аттандырады. Кетерінде бұйымтайын да сұрап, қалағаны болса беріп, ақ жол тілеп аттандырады.
15. Дастархан басында, тамақ ішіп отырған адамға, қонаққа беталды сұрақтар қоймайды. Сөзге тартып әуірелемейді. Қонақтан бұрын тамақ жеп болдым деп айтпайды. Қонақ тамақ жеуін тоқтатқанда барып бірге тоқтайды. Атам қазақта «Жемесең де түздыққа қолыңды малып отыр» деген сөз бар.
16. Дастархан басында ас ішіп отырған адамға сырттан кірген адам кеудесін басып, сәлем береді. Бірақ қол алысып амандаспайды. Үйткені қолы майлы кісінің қолын ұстау дастархан әдебіне жатпайды. Атам қазақта «Сәлемші боласаң, төрге шық» деген сөз бар.
17. Қазақ - үйге келген кісіге астан дәм татырмай жібермейді. Егер дастархан жайылмаған кезде келсе, ең кемінде айран, ірімшік, құрт сияқты тағамдар ұсынатын болған. Асты қадірлейтін қазақ «дәм-тұзымды тат, расыңды айт» дейді. Қастандық қылған біреу жайлы «дәм-тұзыма тапсырдым» дейді. «Татқан дәмге қас қылған адам оңбас» деп ырым етеді.
18. Қазақ - жыртық, ескі, май, көне, кір дастарханды жаймайды, үстіне ас қоймайды. Олай етсе кедейлік шақырады деп ырым етеді. Келген қонақ жиркенеді. Қазақта «Дастарханы жайнап тұр», «Дастарханы гүлдей екен» деген сөз бар. Дастархан таза болмай, денсаулық оңбайды.
19. Қазақтың дастархан әдебінде ас үстінде, дастархан басында жаман сөз, ғайбат, өсек айтуға, біреуді жамандауға қатаң тыйым салынған. Дастархан басында келелі кеңестер, ел, жер, отан, ұрпақ тарихына байланысты ұлы әңгімелер айтылып, ұлы істерді ақылдасып шешіп отырады.
20. Қазақтың дастархан әдебіндегі тағы бір керемет салтқа айналған ырым бар. Ол ас - су ішіп болған соң, ас қайыру батасын береді. Ас қайыру батасы жасалмай тұрып, дастархан жимайды. Бата жасалмай дастархан жиылса, дастархан әдебін атқармаған болып есептелінеді. Атам қазақта «Батасыз дастархан - бақсыз дастархан», «Дастарханның батасы - берекенің атасы» деген тамаша тағылымды маржан сөз бар. Ақ бата ел мен жұрттың берекесін сақтайды. Дастархан дәмі берекенің дәнекері. Бата жасалған дастархандағы дәмге береке ұялайды. Шаңыраққа бақ қонады. Ұрпақтары бақытты болады. Бата - бақыттың кілті деп ырымдайды.

Мусаева С., «Тамақ инженериясы» кафедрасының доценті;
Ешимбекова Б.Т., аға оқытушысы;
Жилкибаева С.К, «Механика және машинажасау» кафедрасының PhD докторы, аға оқытушысы





# Асықпаңдар! Артымызда қазы бар...



Тергеп талай сүйектерің қазылар, Көрлеріміз тексеріліп қазылыар деген еді, сонау «үрей мен дүлей» заманында «37-нің» қан қасап репрессиясы кезеңінде, атылар алдында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Өлім алдында тұрса да бас имей халқы үшін жанын қиған, ұлтына деген жанқиярлық махаббат осындыай болса керек...Өзгелерден бір бас жоғары тұрған ұлт көсемі сол кездердің өзінде ақ өздерінің ақ жолда екенін уақыт өте келе халқының ақтап алатынын, яғни «көрлерінің тексеріліп қазылатынын тарихи рухани көрегендікпен көре білген деп түсінеміз.

Құдай шебер, беремін десе, көл көсір ғой, шіркін. Ақын, қоғам қайраткері, халқымыздың алғашқы әдебиет теоретигі, лингвист, ағартушы ғалым, аудармащы, ұстаз. Елі, жері, ұлты үшін бес рет абақтыға қамалса да мойымаған есіл ер! Ел бүгіншіл, мен ертең үшін деп, тарихтар тоғысында қалғып кеткен халқын «Маса» боп шағып оятып, өркениетке қадам басуға шақырған, жол көрсеткен өзекті өрттей шарпыр өкінішке қарай сол жолда шейт кеткен халқымыздың «қара нары», қайран ері!

Болашақ ұлт көсемі 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай өңірі, Сары түбек  деген жерде дүние есігін ашыпты. Ағайындары ұлты үшін жан беруге дайын шетінен намысқой да батыл болса керек. Жан әкесі Байтұрсын Шошақұлы Торғай уезінің басшысы «жандарал» Яковлев ел жұртына тізесі батқан соң соққыға жығып, 15 жылға «итжеккенге» (Сібір) айдалып кете барыпты. «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам», деп, Ахаңның жазуына қарағанда асқар тау әкеден он үш жасында айрылса керек. Сөзіміздің дәлеліндей «осы бақытсыздық менің Торғай қаласындағы мектепке түсуіме себеп болды» деп жазыпты жарықтық. Сонымен Торғайдағы орыс қазақ мектебін, Орынбордағы мұғалімдер училищесін де тәмамдап, барлық өмірін халқының сауатын ашуға,  білім беру ісіне арнайды.

Ал, алмағайып аламан тасырлау заманда ұстаз, ағартушы болу айтуға ғана оңай тірлік болатын. Ақ патша билеген, орыстың қолына қараған заман оңа ма?!Барлық жерде қатаң цензура және миды атала қылатын арнайы арамзалықпен ойлап таблында жұмыс істеу еылған орыс қазақ мектептері... Қазақ балаларын білім алсын деп емес, болашақ тілмаштар, күллі халықты шоқындыруға жәрдем беретін дүбара күш ретінде пайдалануды мақсат тұтты. Міне, осылай бодандықтың ұйығына белшесінен батып, барлық тектi мінезден айрылып, құлаққесті құлға айналып бара жатқан халқының ахуалын жан тәнімен түсінген азаткер ақын Ахмет: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Күшті оқуға бірлік керек. Бай болуға кәсіп керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деп, күллі халқына жан жүрегімен аһ ұра үндеу тастады. Үндеу тастап қан қойған жоқ, бел шеше, бірінші боп өзі кірісіп кетті.

Алдымен араб әріпбиін қазақ тілінің негізінде, ыңғайында жаңалап, жаңғыртып, халқына дайын күйінде ұсынды. Яғни, ұлт тіліне икемдеп, нағыз қазақы дыбыстарға жол ашты. Қазір негізін Ахаң салған төте жазуды Иран, Қытай, Ауғанстан сынды елдерде әлі де кеңінен қолданады.

Ал, оның ғаламдықтан бөлек саяси қызметі де елден ерекше. Өз сынды озық ойлы ұлт жанашыоларымен тізе қоса отырып қарапайым халыққа саяси теориялық білім, бағыт бағдар беретін тарихымыздағы тұңғыш «Қазақ» газетін жарыққа шығарды. Сонымен қатар 1923 жылы Мәскеуде «Ерсайын» жинағы, 1926 жылы Әлихан Бөкейханмен бірігіп  «23 жоқтауы» баспадан шықты. Ұлтымыздың бары да нары, тіпті рухани төлқұжаты деуге болатын Ұлыақынба Абай жөнінде «Қазақтың бас ақыны» атты толғаныска толы жан жақты керемет мақала жазып ұлы шайырдың орнын анықтап берді.

Сегіз қырлы, бір сырлы Ахаңның кезеті қыры – поэзия десек әбден болады. Теңіздің дәмі тамшыдан демекші, 1911 жылы жазылған «Маса» атты өлеңінің астары да айтары да болашаққа артар рухани  жүгі де мол дүние десек болады.  Өзіне тән ойлы да тұңғиық жыры арқылы өзін символикалық түрде масаға теңеп хам хареketсіз, ойсыз терең ұйқы жатқан халқын дүр сілкіндіре оятпақшы болады. Ол әрекетінің артығымосал тұсы ен орындалғанына күллі халқымыз куә. Мұнан бөлек аудармашылығымен қоса «Тіл-құрал» атты оқу құралы фонетика, морфология, синтаксис салаларын жеке-жеке жіктеп анықтама беріп шықты. Өкінішке қарай қан-қасап репресия жылдары басқасы басқа ерлердің басы қайда қалмаған?!

Ұлт көсемінің-ұстазының «Мәдениет тарихы, «Қазақ тілінің теориясы» атты аса құнды еңбектері сол аламантасыр кезеңде ұшты-күйлі жоғалып кетті.  Табылып қалар деген үмітте жоқ емес.

Ұлы Ахаң халқымыздың басты зәру мәселесі һәм осал тұсы, аса қажеттісі – қазақ әліпбиінің өзіндік таңбасын жасауға бар білімін сарқа жұмсап ұрпақтан ұрпаққа кетер ұлы іс тындырды. Ұлтына жан тәнімен берілген заңғар ғалым кирилл жазуын қабылдай қоймайды.тіпті Оны тіпті ұлтымыз үшін «тұсау» тіпті бұғау деп қабылдады. « Жақсы әлппенің қасиеттері жылдам жазылу, баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қбасқа азіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым озық әліппеміз тұрғанда босқа латыншыл болудың қажеті жоқ.Әріпке қызығып, бүкіл мәдениетімізд.ен айрылып қаламыз ба – деген екен сол бір кездері. Қазір айтуға оңай...Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын, Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін деп, яғни ертеңгі ұрпақ қамын ойлап, солардың болашағы үшін жан қиғандарын бүгінгі ұрпақ сезінеміз.

**Ж.Қ. Белгібай, Ш.Б. Сембиева,**
**А.С. Талман.**
**«Қазақстан тарихы» кафедрасы**

# Трагические судьбы Джусупова Абдрахмана и Туганова Кыстаубая

Каждая историческая эпоха, отражавшаятеальные события прошлого, выдвигала на историческую арену тех ярких представителей научной интеллигенции, которые в конце 1930-х годов XX столетия оказались жертвами Советской тоталитарной системы к сожалению, побр политико- идеологическим соображениям, в угоду партийных идеологов многогранная жизнь руководителей Сузакского обкома партии Казахстана намеренно фальсифицировалась, и преподносилась в совершенно противоположном ракурсе.



К их числу можно отнести Джусупова Абдурахмана и Туганова Кыстаубая, которые были реппрессированы как враги народа условиях господства жесткой советской тоталитарной системы.

В Государственном архиве общественно-политической истории Туркестанской области хранятся архивные документы и материалы , в которых освещаются трагические события конца 1930-х гг. XX столетия.



В личном деле Джусупова Абдурахмана указано: Джусупов Абдурахман 1905г. рождения, член партии с 1931года, партийный билет №1588911. До ареста работал начальником Сузакского районного земельного отдела. Осужден Военной коллегией Верховного суда СССР 21 февраля 1938г по статье 58 «Враг народа» и приговорен к высшей мере наказания – расстрелу. Исключен из партии Сузакским райкомом КП(большевиков) Казахстан 2 ноября 1937г (Протокол №41) как враг народа.

Лишь 21 декабря 1957г согласно решению Южно Казахстанского областного суда Джусупов Абдурахман был полностью реабилитирован в связи отсутствием состава преступления [ГАОПИТОф-40, дело34, опись78, лист II].

В регистрационном бланке члена ВКП(б) Казахстана Джусупова Абдурахмана, указаны место его работы и рождннения, учебы. В ней указано, Джусупов Абдурахман 1905 г. рождения, социальное положение – рабочий.

Пребывание в ВЛКСМ с 1924 года по1932г.Учился в советской партийной школе в Чимкенте с октября по январь 1932г., затем обучался в ВКСХШ г.Алма-Ата., который закончил в феврале 1935г.С 1920 по 1930гг. работал по найму у кулаков Куракова, Еримбетова и Батырова в ауле №26 Бадамского района Сырдаринского округа КазАКСР. С октября 1930г работал продавцом

В г Чимкенте Аксайском потребительском обществе. С 1930 по 1932гг. учился в советской партийной школе курсантом. С 1932г. По 1935гг. студент Алма-Ате, а с 1935г начальник райземотдела Сузакского района ЮКО КазАКСР. К уголовной ответственности привлекался, в антипартийных группировках не участвовал, за границей не был. [2,ГАОПИТО,Ф-40,дело34,опись78,лист 12].

Весьма трагично сложилась судьба и другого не менее известного общественно-политического деятеля Сузакского района Туганова Кыстаубая.

В его личном деле указано Туганов Кыстаубай 1881г рождения, член партии с 1932г. партийный билет №1588901. До ареста работал председателем колхоза. «Балды-Су» Сузакского района. Осужден 8 февраля 1938г. тройкой НКВД ЮКО, по статье 58 «Враг народа» и приговорен к высшей мере наказания – расстрелу. Исключен из партии Сузаксим райкомом КП(б) Казахстана. 7 февраля 1938г (Протокол№36) каквраг народа. 17 октября 1957г. Постановлением Президиума Южно Казахстанского областного суда был полностью реабилитирован [3.ГАОПИТО,Ф-40, дело122, опись78,лист10].

Таким образом, в условиях суверенного развития Республики Казахстан, с ростом и возрождением национального и духовного самосознания народов Центральной Азии историческая справедливость восторжествовала и благородным потомкам были возвращены имена ряда общественно- политических деятелей Сузакского района, которые были расстреляны как изменники Родины в конце 1930-х годов XX столетия. Их многогранные деяния во блага народа и Отчизны навеки останутся в сердцах и памяти народа, и послужат неподражаемым примером для молодого подрастающего поколения казахстанцев.

**Сапарбекова Б.Р.- магистр-преподаватель ЮКУ им.Ауезова.**
**Талман А.С.-магистр-преподаватель ЮКУ им.Ауезова**

# ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ МЕН ҚҰЖАТТАРЫН РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ӘСКЕРИ ТАРИХ АРХИВІ ҚОРЛАРЫНАН ЖИНАҚТАУ


АННОТАЦИЯ

Ресей мемлекеттік әскери тарих архивінен, Өзбекстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен Шымкент өңіріне қатысты әкелінген (картографиялы) деректері мен құжаттары негізінде жазылған. 1866-1900 жылдардағы Чимкент бекінісінің карта-сызбалары, аумағы, құрылыстарының тізімі, ескі қалашықтың тарихы.


**Кіріспе.** XIX ғасырда өлке түгелдей орыс билеушілерінің қоластына өткен кезеңде алғашқы рет Шымкенттің батыстық қала кластеріне өтуі кезеңі жүзеге асты. Отаршыл билік табан тіреген қалалардың маңызын жоғарылату үшін, Қазалыны Түркістан, Чуст, Ура-Төбе, Самарқан, Ташкент қалаларымен бір деңгейге көтеріп, оны 3-ші Әулиеата, Перовск, Верный, Қаттақорған қалалары 4-ші класcты қала деген дәреже берсе, ал, Шымкент қаласы Қапал, Сериополь, Тоқмақ, Лепсі қалаларының қатарында 5-ші класcты қала дәрежесіне ғана іліне алды. Бірте-бірте Түркістан қаласы да 3-ші кластан 5-ші класқа ауыстырылғандығын да **Өзбекстан Республикасындағы мемлекеттік орталық архивінің №1-ші қорының №242-ші іс-қағазындағы «Об определении класса городов Туркестанского края по торговому их значению»** деген құжатының дерегіне сүйене отырып айта кетуге болады. Шымкент қаласы 42°18´ солтүстік ендікте және 39°16´ шығыс бойлықта, теңіз деңгейінен 1660 фут (30,48 см.), яғни 506 метр биіктікте, Сырдарияға оң жағынан келіп құятын Арыс өзенінің сол қолтығы Бадам өзенінің алқабында орналасқан қала екендігін XIX ғасырда орыс картографтары дәл анықтап алып, жаңа отарлық биліктің өлкені толық басқаруына жағдай жасау үшін **«Карта Туркестанского генерал-губернаторства. 1868 г.» деп аталатын арнайы карта сызып алған. Қазіргі кезеңде ол карта Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архивінің №689 қорында** сақтаулы тұр. Шымкент қаласы М.Черняевтің басып алуынан бастап Жаңа-Қоқан әскери линиясының құрамына, ал 1865 жылдың 12 ақпанынан бастап Түркістан облысының, 1867 жылдың Сыр-Дарья облысының уездік орталығы болып бекітілген Шымкент, уездік қалалардың ең көрнектісі және ірі сауда орталығы болатын. Ол табиғаты сұлу жерде, Ташкент қаласынан 116,5 верст жерде орналасқан. Қошқарата бұлағының қасиетті суы үшін қалаға келушілердің саны өте көп болған. Қала Қоқан хандығының қоластында болған кезде, 1856 жылы Ташкент беклербегі Мырзахметтің бұйрығымен алғаш рет базар салынды. Ол туралы дерек оңтүстік өлкесін зерттеуші барлық тарихшыға белгілі сол заманның зерттеуші-авторы **А.И. Добросмысловтың 1912 жылы Ташкент қаласының «Эл.-пар. Типо-лит. О.А. Порцева» атты баспаханасында басылып шыққан «Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулиеата и Чимкент. С рисунками и 2 снимками с рукописей»** атты кітабынан алынды.

Шымкент қаласы қарастырылып отырылған кезеңдегі саяси-әлеуметтік және экономикалық-шаруашылық жағдайын сипаттайтын гербке ие болды. Герб қалқаны «Геральдика» ғылымында «Кантон» деген классификацияға ие болған үлгіде жасалған. Яғни, герб қалқанының оң жақ жоғарғы бөлігі оның оң кантоны деп есептеледі және ол жерге қаланың Сырдарияя облысының уезі екендігін көре аламыз. Осыған дейін Сырдария облысының «Фарс» деген стильдегі гербі жасалып, ол Сырдария өзені, оның екі жағалауындағы құмды және облыста жақсы өнім беретін жүзімді бейнелейтін сурет салынған герб те қабылданған болатын.



**Сурет №1 – Шымкент қаласының 1909 ж. 21 сәуірде бекітілген гербі (Сурет еркін интернет көзінен алынған)**

Осы герб Шымкент қаласы гербінің оң кантонына орналастырылған. Осылайша уездік қаланың әкімшілік-саяси жағынан қандай облысқа қарасты екендігін аңғара аламыз. Сонымен бірге, гербтің тәжіне отаршылдық қамал салынып, уездік қаланың бодандық сипатын да аңғартады. Ал, шаруашылық-экономикалық жағдайын өңіріміздің және қаланың жүзім, ақ бидай, қызыл бидай, мақта өсірілуінің патшалық отаршылдарды қызықтырғандығын көре аламыз. Ал табиғат байлығының әлемдік деңгейдегі №1 табиғи монополист дәрежесіне шығарған дермене өсімдігі үшін гербте негізгі орталық орын беріліп, ол шымды бейнелейтін жасыл мауытыда күміс жіптермен кестелене, әшейкейленіп салынғандығынан анық көре аламыз. Қазіргі заманауи қалалардың барлығының қаланың бас жоспары болатындығы белгілі. Шымкент қаласының осындай бас жоспарын алғаш рет 1904 жылы әскери губернатор Корольков бекітіп берген. Бұл жоспар бойынша қаланың жер аумағы 21841 десятина 1280 шаршы сажень (52419,68 гектар) болып анықталған. Жоспардың қазақтарды қала тұрғындарына айналдыру үшін емес, Шымкент қаласын Ресей патша отаршыларының табыс көзіне айналдыру үшін жасаған құжаты екендігін «Сведения их области о количестве городских земель, об имуществе городского, и о городских оброчных статей» деген құжаттың өзінің аты көрсетіп беріп тұр. Құжат аталымындағы «Оброчная статья» дегеніміз Ефрон-Брокгауз сөздігі бойынша «Оброк» салығын төлей алатын бап дегенді білдіреді. Яғни аталмыш құжатты жасайшы орыс шенеуніктері Шымкенттің түкпір-түкпірін толық аралап, түрткілеп, қайдан тағы да қосымша табыс табуға болатындығын жатпай-тұрмай іздестірген, өлшеген, есептеп шығарған. Бұл жерде құжатқа екі түрлі қатынас жасауға болады. Біздің қазіргі түсінігімізше қала дегеніміз – құрылыстар мен ғимараттардың және қала инфрақұрылымының жиынтығы болатын болса, дерек куәлігіне қарасақ – XIX ғасырдағы қала келбеті біздің түсінігімізге мүлдем сәйкес келмейтіндігін көре аламыз. Әскери губернатордың бекіткен қала жоспарында XIX ғасырдағы Шымкентте егістік алқаптары да

(8264 десятина 70 шаршы сажень), тыңайтуға қалдырылған жерлер де (728 десятина 670 шаршы сажень), шөп шабындығы да (1060 десятина 400 шаршы сажень), жоңышқа егілетін жерлер де (523 десятина 2190 шаршы сажень) болған екен. Десятина деп аталған революцияға дейінгі орыс жер алаңын өлшеу бірлігі 2400 шаршы саженьге тең болған. Ал, шаршы сажень деген өлшем бірлігі қазіргі заманғы метрлік өлшемге айналдырсақ, ол 2,134 шаршы метрді құрайды. Сонда қала жеріндегі егістік алқаптары 42325 гектарды құрағанын, ал тыңайтуға 3730-ға жуық гектар жер қалдырылғандығын, шөбі шабылып алынып, қысқа әзірлену үшін бөлінген жер көлемі 7,5 мың гектарға жуықтағандығын, жоңышқа 1,2 мың гектардан аса жерге егілгендігін біле аламыз. Яғни, қала ішіндегі бірқатар жерлер және қала маңындағы жерлердің барлығы мал ұстау үшін арналғандығын көреміз және осыған орай егіншілік пен мал шаруашылығы қала тұрғындарының негізгі кәсібі болғандығын анықтай аламыз. Қала тұрғындарының негізінен егін және мал шаруашылығымен айналысқанын көрсететін негізгі көрсеткіштің бірі – қаланың жайылым жерлерінің қала жоспарына енгізілуі де болып табылмақ. Әскери губернатор Корольков «под выгоном» деп көрсеткен мал жайылымы жерлеріне 9430 десятина 1580 шаршы сажень, яғни, 22633,6 гектар жер бөлінгендігін біле аламыз. Шымкент қаласының аумағына тал егу атадан келе жатқан дәстүр екендігін ол үшін 214 десятина 840 шаршы сажень, яғни 515-ке жуық гектар жерлер бөлінгендігінен аңғаруымызға болады. Қаланың сайлы шатқалда, бұрынғы өзен аңғарында орналасқандығына «Корольков жоспарының» «Под галечной массой были заняты 408 десятин 500 квадратных саженей» деп көрсетуі дәлел. Яғни, бұл сандарды қазіргі заманғы өлшем бірліктеріне ауыстырар болсақ, онда 980 гектар болып шығады. Осы аумақты қазіргі «Жеке құрылыс» үшін берілетін 8 соттық жері бар учаскелер санымен салыстырар болсақ, осы кезде 9800 учаскелік жердің орнын осы шағыл тас басып жатқандығын көреміз. «Қала жоспары» зираттардың алып жатқан жер көлемін де есептеп шығып, олар 18 десятина 770 шаршы сажень деп көрсеткен. Онымыз 44 гектарға жуық жер. Осыдан соң «қала жоспары» біртіндеп тұрғылықты мекендерді өлшеуге кіріскен. Қала құрылысының жалғыз нысаны ретінде «Қала мешіттері» айналасындағы тоғайларымен қоса есептелінген, осыдан басқа қала құрылыстары туралы «Сведения их области о количестве городских земель, об имуществе городского, и о городских оброчных статей» деп аталатын дерек ешқандай мәлімет бермейді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастапқы кезеңінде Шымкент қаласында қаланың мешіттері айналасындағы тоғай ағаштарымен қоса есептеген кезде 10,42 гектар (4 десятина 820 шаршы сажень) жерді алып жатқандығы дерек мәліметі бойынша анықталды. «Оброк» салығын жинай алмайтын келесі жерлер – қала аумағындағы батпақтар мен қамыстар алып жатқан жерлердің алаңы – 18 десятина 1490 шаршы сажен, яғни 45 гектарға жуық жер. Бадам өзені, ағын сулар мен арықтар 161 десятина 740 шаршы сажен жер аумағында ағып жатқан. Сонымен бірге, салық салынбайтын жерлер қатарына «Әскери ведомствоның» иелігіндегі 288 десятина 920 шаршы сажен, яғни, 692,12 гектар жер де кірген [281]. Сонымен, бас-аяғы Шымкент қаласының барлық жер аумағынан патша билігі 900-ға жуық десятина немесе 2000-нан асатын гектар жерді алып жатқан екен. Оның өзінің 700-ге жуық гектары «Әскери ведомствоның» жері дейді **Өзбекстан Республикасының архивінен алынған «Сведения их области о количестве городских земель, об имуществе городского, и о городских оброчных статей» атты құжат-дерек. Аталмыш дерек осы архивтің 1-ші қорының №1199 іс-қағазынан алынып отыр.** Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Созақ, Сайрам бірнеше мәрте жоңғар шабуылдарына және өзара соғыс әрекетіне ұшырап, олар әлденеше рет талқандалған, Орта Азия хандықтарының да қоластына түскен. Сөйтіп, ақырында қалалардың үлкен бөлігі қаңырап бос қалған болатын. Қазақстан жеріне осы кезеңде келген орыс саяхатшылары оның оңтүстігіндегі қалалардың барлығының көп жерлері қирандыларға айналғандығы туралы айтады. Мысалы, 1800 жылы, сол жерлерде болған Поспелов пен Бурнашев Түркістан қаласы туралы былай деп жазады: «Ертеде бірталай даңқты болған бұл қаланың қаңырап қалғаны сондай, мұнан қазір 300 үйді де санап шығуға болмайды, қаланың бұрынғы кең аумағы тек құлап жатқан үйлерден ғана көрінеді». 1898 жылы осы жерге келіп кеткен Филипп Назаров та Шымкент төңірегіндегі қазақтардың тастап кеткен үйлері, бақтары мен егістік жерлері туралы осылай хабарлайды. Ал, 1893 жылы өзінің **«Отчет о командировке в Среднюю Азию» атты еңбегінде В.В. Бартольд** Шымкент пен Сайрам арасында арнасы кеуіп қалған арықтар өте көп деп жазды. Шымкент XI ғасырдың басында классикалық ортағасырлық қала сипатына еніп, цитадель, шахристан, рабад бөліктері анықталып, бөлініп шыға бастады. Цитадель қамалының қалыңдата қаланған пахсадан тұрғызылғандығы белгілі. Оның ішінде орыс отаршылдары кезінде шенеуніктердің үйлеріне, солдаттардың казармасына айналдырылған бектердің ортағасырлық ортаазиялық сарайлары болды. Екі қорғаныс қамалдың ішінде орналасқан цитадельдің (қамал) қақпасы оның оңтүстік-батыс жағына орналасып, Ташкент, Түркістан, Сайрам және Әулиеатаға баратын негізгі көше-жолдар қамаладың алаңынан тармақталып бөлінетін. Осы аталған төрт қалаға баратын жолдарға көптеген тар және тұйық көшелер келіп жалғасып, қаланың көшелер жүйесін құрайтын еді. Осы тармақталған көшелерге шығатын көптеген тар және қисық тұйық көшелер көптеген көше жүйесін құрайтын еді. Цитадель екінші қорғаныс қамалының ішінде болды. Бұлар қаланың солтүстік және шығыс бөліктерінде Қошқарата өзені арнасының бойымен өтетін. Ортағасырлық Шымкенттің шахристанында бір және екі қабатты саманнан тұрғызылған каркас үйлер болса, рабад бөлігінде киіз үйлер, саз балшықтан соғылған егіншілер мен қолөнершілердің үйлері тұрғызылған еді. Қаланың орталығы, әсіресе базар алаңының ішкі аймағы түгелдей дерлік екі қабатты үйлерге толы болғанын атап айту керек. Мұнда үйдің бірінші қабаттарына әдетте сауда және шеберханалар орналасты, ал екінші қабаттары тұрғын үйлер болды. Базар алаңының біраз солтүстік жағын ала жұма мешітінің ескі үйлері тұрды, мұның орнына XIX ғасырдың аяғында қазіргі жаңа мешіт салынды. Шымкенттің өлкедегі орталық ретіндегі рөлінің жоғарылауы туралы **К.А. Пищулина «Присырдарьинские города и их значение в истории Казахских ханств в XV- XVIII вв.» атты мақаласында** 1969 жылы «Постепенно роль экономического и административного центра Сайрамского района перешла в середине XVIII века к соседнему Чимкенту, который до этого был одним из многочисленных селений, окруживших Сайрам», - деп жазады. Ал, 1886 жылы бұл жерге келген П.И. Пашино Шымкентті баққа бөленген қала деп атайды. Бірақ қалада көк-жасыл ағаштарды орналастырудың ерекшелігі мынада: саз балшықты дуалдар қоршаған аулалардың ішінде көк-жасыл ағаштар болды, ал көшелерде жалғыз-жарым қара ағаштар мен тұт ағаштары өсті. Қоғамдық бақтар мен скверлер мүлде болмады. Қала территориясын суаруға арналған арықтардың жүйесі қаланы олай да, бұлай да әртүрлі бағытта кесіп өтетін. Қаланың көптеген көшелерінде төсеніш болмады. Жам жолдардың кейбіреулеріне күйдірілген кірпіш төселетін еді. XIX ғасырдың 60 жылдарының аяғында орнаған жаңа қала дейтін қала Шымкент маңының солтүстік-шығысына орналасты. Мұның ескі қаладан айырмашылығы, ол жоспармен салынды және көшелері түзу кең болған еді. Көшелердің екі жағына көк-жасыл ағаштар егіліп, арықтар қазылған. Қазіргі Тәуке хан даңғылы (бұрынғы Сталин) және қазіргі Қазыбек би (бұрынғы Совет) көшелері жоспар композициясының негізгі тіректері болды, бұлардың түйіскен жерінде тас шіркеуі бар қоғамдық бақ орналасты. Қаланың жаңа бөлігінің дұрыс жоспарлануы ескі қаланың жоспарлануымен жақсы байланыстырылмады. Базар алаңына алып баратын тек бір ғана көше, бұрынғы Совет көшесі болатын. Қаланың осы жаңа бөлігі де усадьбалары көп және негізгі фасадтары көше жакка қараған бір кабатты үйлерден салынған. Бұл үйлердің көпшілігі шикі кірпіштен қаланды және екі жаққа еңіс салам және темір шатырлармен жабылған. Фасадтары сыланып, әкпен ағартылды. Осы жаңа қала деп аталғандар XIX ғасырдың 60 жылдарында Жамбылда, Түркістанда, Ақмешітте және басқа сипаттағы қоныстары бар тұрақтар да көріне бастады. Бұлар жасалған жоспар бойынша салынды және ескі қалаларға қарағанда айрықша жағдайда болды. Бұлардың жоспарлап ұйымдастырылуында Ресейдің қала салу тәжірибесі мен жергілікті дәстүрді шебер пайдалану байқалатындығын ерекше атап өткен жөн екендігі туралы толымды ғылыми уәжді атақты археолог **Әлкей Марғұланның 1950 жылы жарық көрген «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана»** атты еңбегінен таныса аламыз. Егер ел қоныстаған тұрақтардың ретті жоспарын жасау және оларды жұртшылыққа арнап ағаш егіп көгерту орыс қала құрылысының тәжірибесін пайдаланау болып келсе, ал көше бойларына арық жүйелерін қазып, ағаш отырғызып қалаға өзіне тән көрік, тұлға беру Орта Азия халықтарының қала салу дәстүрін тиімді пайдалану болып табылды. Осы тіршілікке қажетті құрылыс ісінің жергілікті тәсілдері мен орыс халқының қала салу мәдениетін тиімді ұштастырудан сол кездегі Қазақстанда қала салудың прогрессшіл сипаттарының бірін көруге болады. Орыс жиһанкезі Ф.Назаров Созақ қаласынан Шымкент қаласына қарай жүрген жолында маңайында салынған егістігі және киіз үйлері тұрған қазақтардың бекіністі жайларын талай жерден көргенін хабар етеді. XIX ғасырда қала тұрғындары Бадам және Қошқарата өзендерінің суын ауыз су ретінде пайдаланған. Бұл үшін өзеннен арықтар қазылып әрбір көше мен үйдің тұсына келетін жүйе жасалған. Бадамнан сондай-ақ, кәріз құбырлары да шығарылып, олар арқылы қала бекінісінің ішіне су тартылып берілік отырылған. Нақ осы кәріз құбырларына өрмелеген Черняевтің әскері қоқандық қала-бекініс Шымкенттің ішіне кіруге мүмкіндік алғаны да белгілі. Осы жүйені кейін орыстар да пайдаланған және қаланың ирригациялық жүйесін жаңғыртып отыру мақсатында қала қазынасынан жыл сайын 2500-3000 рубль қаражат та бөлініп отырылған. **Бұл турасында Өзбекстан Республикасының мемлекеттік архивінің №1 қорының №70-ші іс-қағазынан табылған «Об устройстве в Чимкентской крепости машинного водопровода»** атты құжаттан белгілі болды. Қала бекінісінің ішіне құбырлар арқылы енгізілетін ауыз су және суармалы егіншілікке пайдаланылатын су арнайы ирригациялық жүйе арқылы жеткізіліп отырылған. Қаладан алыстау жерде бастау алатын су көздері қала шетіне келгенде екі бөлімге бөлінген. Оның біріншісіне Бадам, Доңызлау, Леңгір, Тоғыс, Қошқарата өзендеріне барып құятын арықтар жүйесі кірсе, екінші бөліміне бастауын Сайрамсу, Қасқасу,

Жаңғақты өзендерінен алатын арықтар кіргендігін сол заманның белгілі су маманы **Н Дингельштедттің Санкт-Петербург қаласының «Жол қатынасы министрлігінің баспаханасынан» басып шығарған «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область»** атты еңбегінен таныс бола аламыз. Жалпы алғанда, орталық қаламен қосып алғанда Шымкент уезінде жалпы ұзындығы 5484 верст болатын 1506 арық қазылып, егіншілік пен ауыз суды қамтамасыз еткен. Ол турасында ізденуші Ташкент қаласынан жыл сайын басып шығарылып отырылатын **«Обзор Туркестанской области»** атты есептік жинақтар материалдары арқылы таныс бола аламыз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қала көшелеріне тас төсеу, оларды абаттандыру жұмысы өте-мөте баяу жүргізілген. Себебі, қаланың бос жатқан жерлеріндегі шым топыраққа шыққан көк шөп жаяу жүргіншілердің жүруіне өте жұмсақ, әрі ыңғайлы болған. Бірақ, қалаға топталып, топырлап енген отаршыл орыс әскері мен жергілікті жер ерекшелігімен онша таныс емес, саны көп қоныстанушылар осы шымды таптап, қара топырақ қабатын жойып жіберіп отырған. Осыдан соң оның астындағы ғылыми тілмен айтқанда «лесс» деп аталатын, құрғақ кезде шаңданып кететін сары лай-топырақтың бетін жалаңаштанып кетіп отырған. Бұл әрине, жаздыкүні қала тұрғындарының шаң-топырақ астында қалуына, ал, көктем мен күзде қала көшелері лай-батпаққа айналып, көшедегі қозғаысқа үлкен кедергілер мен қолайсыздықтар туындатып отырған. Әрине, мұндай жағдай қала тұрғындарының өміріне қолайсыздықтар әкелуімен қоса-қабат, үнемі шаң-топырақсыз, лай-батпақсыз таза жерде жүруге ұмтылған жүргіншілердің жердің құнарлы шым қабатын үнемі таптап, жұқартып, әлсіретіп отыруына алып келіп отырды. Ресейден көшіп келген отаршылдар санының көбеюіне байланысты жердің адамдардың аяғынан тозуы, шаң-тозаңның көбеюі осы мәселенің шешімін табуға мәжбүрлеген. Оның шешімі, әрине, адам көп жүретін жерлерде Еуропадағыдай жолдарды салу болатын. Дегенмен, Шымкентте күйген кірпіштен төселген жаяу жүргіншілердің жолы тек XX ғасырдың басында ғана салына бастаған. Ол туралы **Өзбекстан Республикасының Орталық архивінің №188 іс-қағазында сақталынып келген «О шоссировании улиц в Чимкенте»** деген арнайы құжат та қабылданған. Қаланы сол замандағы абаттандырудың бір түрі көшелерге жарық шамдарын орнату болса – керосин лампыларымен жарықтандыру ісі XIX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап жолға қойыла бастаған. Олардың өздерінің «керосинно-кадильный» және «фонарь-коптилка» деген түрлері болған. Шымкент қаласының дамуының жаңа заманға қадам басқан кезінде үш демалыс бауы да жасалған. Тіпті оған жылына 1100 рубль қаржы да бөлініп отырылған. Олардың дербес атаулары да бізге деректер арқылы белгілі: «Черняев бауы», «Городской» бауы және «Соборный» бауы деп аталады. Олардың нақты орналасқан жерінің карталық нұсқасы қалалық музейде немесе қала архивінде сақталмаған. Дегенмен, олар туралы сол көршілес **Өзбекстан Республикасының №264-ші іс-қағазында сақтаулы тұрған «Об уступке В. Танторину 110 кв. сажен земли города Чимкента для опрямления улицы»** атты дерек мәлімет бере алады. Қала сол кезеңде өнеркәсіптік кәсіптерді де меңгере бастаған болатын. Оған себеп болған нәрсе – қала гербінде суреті салынған дермене болатын. Дермене жинау өлкені орыс билігінің отарлауы басталған 1860 жылдардың соңынан басталса – дерменені тікелей жиналған жерде өңдей бастау тек 50 жылға тақау уақыт өткеннен соң ғана қолға алынып, завод 1909 жылдың 29 желтоқсанында жұмыс жасай бастады және осы еңбек жазылып жатқан сәтте оған нақ 110 жыл толып отыр. Яғни, қаламыздың заманауи өндірістік өнеркәсіптік тарихының өзі екінші ғасырға аяқ басып қалған екен. Бұл завод негізгі капитал айналысы жүз мың рубль болған, толық серіктестік негізінде құрылған «Сантонин» заводы болғандығын **Қазақстан Республикасының Орталық архивіндегі №439 қордың №13-ші «Химический сантонинный завод Иванова и Савинкова» аттыіс-қағазы толық дәлелдеп бере алады.** Бұл заводтан басқа Шымкент қаласында бірнеше мақта тазалау, мал терісі мен шектерін өңдеу, балауыз шырақтарын жасау заводтары болған. Орыс отаршыл әкімшілігі өз билігін орнатқаннан кейін Шымкент қаласының дәл ортасында орналасқан осы кәсіптік орындарға бірден назар аударып, оларды қала сыртына көшіруге пәрмен береді. Уезд бастығы полковник Шустов 1868 жылдың сәуір айында тері өңдеу зауыттарын қаланың батыс жағына қарай көшіру туралы бұйрық шығарғанын **Өзбекстан Республикасының Орталық архивінің №94-ші қорында сақталған «О перенесении кожевенных заводов в Чимкенте»** атты құжатынан біле аламыз.

**Негізгі бөлім. Ресей мемлекеттік әскери тарих архивінен Шымкент қалалық архиві қорына қабылданған карталар мен сызбалар.**

Қаланың абаттандырылуы, оның шығыстық типтен батыстық типке қарай көшуі XIX-XX ғасырлар бойына жалғаса берді. Бұл туралы қосымша деректер анықталған жағдайда тағы да таныстыратын боламыз. Дегенмен, бұл келтіріліп отырылған фактілердің барлығы да Шымкенттің ортаазиялық қала үлгісінен келімсек билік иелерінің батыстық типке жергілікті жердің барлық салт-дәстүрін белінен баса отырып қалай көшіргенінің орта тұсынан ғана көрініс бере алады.

Ал, осы үдерістің басталған тұсында не болғанын, қаланың қала ретіндегі мінездемесінің түп-тұқиянымен қалай өзгергенін іздестіру – Шымкент мегаполисінің тарихи ақтаңдақтарын жоюға мүмкіндік бере алар еді. Осыған байланысты материалдарды Шымкент қалалық архивінің арнайы іссапарымен Мәскеу қаласында орналасқан Ресей мемлекеттік әскери тарих архивінің қорлары мен құжаттарынан іздестірдік. Басқа материалдарды қоспағанда – осы мақала шеңберінде графикалық-шартты түрде болса да, қаланың сол кездегі кескін-бейнесін көз алдымызға келтіруге мүмкіндік жасайтын карталар мен шартты сызбалар үлкен қызығушылық туындатты.

Елдер мен мемлекеттер арасындағы кез-келген басқыншылық қарудың күшімен жүргізілетіндігі белгілі. Бұл үрдістен Ресей империялық басқыншылары да шет қалмаған екен. Қалаға Черняев әскері толық басып кіргеннен кейінгі салынған ең алғашқы құрылыс, ол – «Оқ-дәрі қоймасы» екен. Өйткені, «План и профиль порохового погреба» деген сызбаға түсірілген Қолдан жазылған ескертпеде №1 нысан екендігі туралы мәлімет бар.

Сызбаны 1866 жылдың 24 сәуірінде Орынбор әскери округінің инженерлерінің генерал-майор инженер шеніндегі бастығы мен Түркістан облыстық инженерлік бөлімінің меңгерушісі инженер-капитан Яблонский деген бекіткен. Яғни бұл кезеңде Шымкенттің Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында болғандығын көрсетеді. Бұл құжатқа Шымкент бекінісіне XIX ғасырдың II жартысында отаршыл билік жүргізген алғашқы құрылыс – оқ-дәрі жерасты қоймасының сызбасы түсірілген. Сызбаның масштабы сол кезеңдегі картографиялық, геодезиялық талаптарға сәйкес жасалған. Яғни, болашақта оның макетін жасауға жақсы негіз болары анық. Сызбада оқ-дәрілердің жер асты қоймасының сыртқы көрінісі мен қойма шахтасының тік кесінді көрінісі берілген.



**Сурет №2 – План и профиль порохового погреба крепости Чимкент. г. Ташкент. 24 апреля 1866 г. [1].**

Келесі сызба – бұл Шымкент бекінісіне XIX ғасырдың II жартысында отаршыл билік жүргізген азық-түлік қоймасының сыртқы көрінісі мен қойманың қасбетінің көрініс-сызбасы. Қолдан жазылған ескертпеде бас жоспардағы №2 нысан екендігі туралы мәлімет бар. Сонымен бірге «Пока ничем не обшит» деген, яғни қабырғалары мен іргелері жабылып бекітілмегендігі туралы жазба түсірілген. Бұл сызбаны 1866 жылдың 24 наурызында Орынбор әскери округінің инженерлерінің генерал-майор инженер шеніндегі бастығы мен Түркістан облыстық инженерлік бөлімінің меңгерушісі инженер-капитан Яблонскийдеген бекіткен. Яғни бұл кезеңде Шымкенттің Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында болғандығын көре аламыз.



**Сурет №3 – По укреплению крепости Чимкент. Чертеж провиантского склада. г. Ташкент. 24 апреля 1866 г. [2].**

Ресейдің архивінің ұзақ-сонар тексерулерінен соң қалалық архивтің қорына келіп түскен келесі құжат: Шымкент бекінісіне XIX ғасырдың II жартысында отаршыл биліктің басып алу құралы – әскерилерді орналастырған казарманың сызбасы. Кондуктор Шостыков дайындаған сызбаны 1866 жылдың 14 сәуірінде Орынбор әскери округінің инженерлерінің генерал-майор инженер шеніндегі бастығы мен Түркістан облыстық инженерлік бөлімінің меңгерушісі инженер-капитан Яблонский деген бекіткен. КАЗАРМАНЫҢ сызбасында оның сыртқы көрінісі мен қасбеті берілген. Ал, жеке ескертпеде бекіністің бас жоспарының №20 нысаны екендігі туралы мәлімет бар.



**Сурет №4 – План и профиль казармы для одной роты в крепости Чимкент. г. Ташкент 14 апреля 1866 г. [3].**

Оқ-дәрі қоймасы, солдаттардың казармасы мен азық-түлік қоймасын салып, жайғасқан империялық басқыншылар енді бекіністің өне-бойын зерттеп, сызбасын түсіріп, әскери дәлдікпен карталар мен картосхемалар жасай бастады.

Сөйтіп олардың алғашқысы «Шымкент бекінісінің бас жоспары» деп аталды. Кондуктор Шостыков дайындаған бас жоспарды 1866 жылдың 14 сәуірінде Орынбор әскери округінің инженерлерінің генерал-майор инженер шеніндегі бастығы мен Түркістан облыстық инженерлік бөлімінің меңгерушісі инженер-капитан Яблонскийдеген бекіткен. Ол жерде бекіністің жалпы сұлбасы мен бекіністің ішкі жағы мен айнала орналастырылған құрылыстардың орындары белгіленген.



**Сурет №5 – Генеральный план крепости Чимкент. г. Ташкент 14 апреля 1866 г. [4].**

Бекініс құрылыстарының тізімі (Картосхмадағы мәлімет бойынша):

1. Пороховой погреб; 2. Артиллерийские склады; 3. Лазаретные цейхгаузы; 4. Помещение для орудий; 5. Инженерный цейхгауз; 7. Провиантский магазин; 8. Провиантский ?; 9. Гаупвахта; 10. Квартира плацъ Адъютанта; 11. Комендантский дом (собственный); 12. Батальонная ? Канцелярия. Военно-судная комиссия и помещение для аудитора. Комендантская канцелярия; 13. Помещение для полуарсенальной команды и Командира; 14. Офицерская квартира (собственная); 15. Помещение для саперов; 16. Дом для проезжающих; 17. Бывшое лазаретное помещение; 18. Лазарет; 19. Лазаретная кухня, аптека и фельдшерская; 20. Казарма на 200 человек; 21. Навес для лошадей конной дивизии; 22. Навес для лошадей казачьей дивизии; 23. Квартира кондуктора; 24. Инженерная кузница; 25. Инженерная мастерская; 26. Артиллерийская кухня; 27. Артиллерийские погреба; 28. Артиллерийский аммуничник; 29. Казачья казарма; 30. Батальонная плотничная и кузница; 31. Батальонная кузница; 32. Помещение для фурштатов; 33. Амбар; 34. Цейхгауз; 35. Цейхгауз 3-й роты 3-го батальона; 36. Кухня 3-й роты 3-го батальона; 37. Цейхгауз 4-й роты 4-го батальона; 38. Кухня 4-й роты 4-го батальона; 39. Помещение для ротных конюхов; 40. Кузница 3-й роты; 41. Солдатские слободы; 42. Разломанные Кокандские слободы деп аталған мекендер мен жайлардың орындары мен кескіндері осы бас жоспарда толық берілген.

Архивтік ізденіс барысында нақ осындай «Генеральный план» деп аталған бекіністің бас жоспарының бірнеше данасы Шымкент қалалық архиві қорына алынды.

Ресей империясының оңтүстікті басып алуының тірегіне айналдырылған қасиетті ЦИТАДЕЛЬДІҢ жалпы сұлбасы, бекіністің ішкі жағы мен айнала орналастырылған құрылыстардың орындары белгіленген алғашқы, яғни 1866 жылғы бас жоспарға қарағандағы айырмашылық өзгерістерін көре аламыз. Егер 1866 жылғы бас жоспарда басқыншылардың тек 42 құрылысы ғана болған болса – бұл жоспарда оның санының 48-ге жеткізілгенін, оның өзінде кейбір құрылыстардың санының бірнешеу болғанын, Қоқан хандығы кезіндегі үйлердің қирандысының жалпы тізімнен шығарылып тасталғанын және «Бекіністің» өзінің сырт жағынан арнайы жолмен жалғастырылған «Русская слобода» дегеннің пайда болғанын көре аламыз.

Бұл жоспардан империялық басқыншылардың өздерінің Қазақстанның оңтүстігіндегі іс-қимылдарының неғұрлым табысты жүргізілуін қамтамасыз етуі үшін әскерилерінің санының ұлғайғанын - олардың осы жоспардағы құрылыстарының санының көбейгенінен көруімізге болады. Яғни, алдыңғы жоспарда құрылыстар саны 48 болса, бұл жоспарда олардың саны 54-ке жеткізілген. Сонымен бірге «Анатомический покой» және «Церковь» деген құрылыстар қосылған. Бұл жаңадан қосылған құрылыстар басқыншылардың күнделікті әрекеті мен өмір тынысы, әскери ырғақтан, бейбіт өмірге ауыса бастағанын, сөйтіп, өздері қарудың күшімен алған өлкеде «КЕЛІМСЕКТЕР» рөлінен «ЖЕРГІЛІКТІЛЕР» рөліне еніп кіре бастағанын көрсетеді. Бұл карталардың ерекшелігі олардың енді Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында болғандығын аңғартатын 1883 жылы кондуктор Варушкин деген сызып, оны Түркістан әскери округінің бастығының міндетін атқарушы, әскери инженер-полковник пен Түркістан әскери округінің сызбалар мен есептерді тексеру штабының офицері , әскери инженері бекіткен. Құжатта сызбаны жа-

саушылар ғана өз аты-жөндерін толық жазған, ал бекітушелердің аты-жөндері жазылмаған, тек қана қол қойылған.

Сонымен бірге, бұл картосхема империялық басқыншылардың бекіністің сыртқы жағына шығып, Шымкент қаласы көшелеріне қарай ендеп, кіргізіліп салынып жатқан құрылыстарын көрсетеді. Құрылыстардың жалпы саны 70-ке жеткен.

1887 жылы салынған «Гауптвахта» деп аталатын құрылыс. Жалпы жоспары, №1 кесіндісі мен «А», «Б» қасбеті көрсетілген. «Гауптвахта» 11 бөлмеден тұратынын көре аламыз.

Бұл картосхема 1900 жылы 25 ақпанда жасалған. Құрылыстардың жалпы саны 70-ке жеткен.

Бұл картосхема империялық басқыншылардың бекіністің сыртқы жағына шығып, Шымкент қаласы көшелеріне қарай ендеп, кіргізіліп салынып жатқан құрылыстарын көрсетеді. Құрылыстардың жалпы саны 77-ге жеткен. Оның өзінде «Русская слобода» құрылыстары есепке алынбаған. Олай болса – империялық әскерилер мен олардың күнделікті өміріне қажетті құрылыстардың жалпы саны 100-ден асқан деп болжалдауымызға болады.

Дереккөздер:

1 РГВИА. Ф.349. Оп.43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1782.

2 РГВИА. Ф. 349. Оп. 43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1783.

3 РГВИА. Ф. 349. Оп. 43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1786.

4 РГВИА. Ф. 349. Оп. 43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1788.

5 РГВИА. Ф. 349. Оп. 43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1789.

6 РГВИА. Ф.349. Оп.43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1790.

7 РГВИА. Ф.349. Оп.43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1793.

8 РГВИА. Ф.349. Оп.43. Чертежи и планы на букву «Ч». Д. 1805.



Сурет №6 – Генеральный план крепости Чимкент. г. Ташкент 1875 г. [5]




Сурет №7 – Генеральный план крепости Чимкент. г.Ташкент 1883 г. [6].



Сурет №8 – Генеральный план крепости Чимкент. г. Ташкент 1900 г. [8].

Г. Ә. ЖАНЫСБЕКОВА
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Шымкент қалалық мемлекеттік архивінің директоры
А.Ш. Амангельдиева

# Культура и быт казахского народа в xix веке по наблюдениям Масальского В.И.

Обретение Республики Казахстан государственной независимости дало мощный импульс росту национального и духовного самосознания казахского народа, открыло широкие перспективы для духовного и культурного ренессанса, позволило представителям научной общественности провести широкомасштабное и комплексное исследование наиболее важных и ключевых аспектов истории и этнографии народов Центральной Азии.

История изучения этнографии казахского народа собственно дореволюционными российскими исследователями насчитывает не одно столетие. Российская этнографическая наука достаточно много сделала для того, чтобы собрать, систематизировать и обобщить значительный пласт аутентичных письменных источников, касающихся истории и этнографии народов Центральной Азии.

На рубеже XVIII века интерес к широкомасштабному исследованию казахского этноса был продиктован в российском обществе главным образом политико-прагматическими мотивами, связанными с задачей утверждения российского присутствия в казахской степи.

Серьезный вклад в изучении культурного-бытовых духовных ценностей казахского народа, его нравов и обычаев, традиций внесли такие крупные российские исследователи как В.Н.Татищев, И.К.Кирилов, П.И.Рычков И.Г.Андреев и другие. К их числу можно отнести и другого не менее известного дореволюционного исследователя, действительного научного сотрудника ИРГО по отделению этнографии Владислава Ивановича Масальского, внесшего значительный вклад в развитие исторической науки и этнографии казахского народа.

В 1913 году в Санкт-Петербурге вышла в свет интересная и содержательная работа В.И.Масальского под заглавием «Туркестанский край», в котором автор красочно и реалистично описывает жизнь, быт, хозяйство, национальный характер и нравы кочевых казахов. Отмечая образцы устного народно-поэтического творчества казахского этноса, исследователь определяет, что важной чертой является «любовь к поэзии, и умение излагать свои мысли не только ясно и изящно, но и красноречиво». Отсюда высокое развитие устной народной литературы, отличающейся богатством и разнообразием,нашедшей свое отражение в пословицах, загадках, поучениях в стихах, песнях различного характера (колыбельные, любовные, свадебные, похоронные и т.д.), заклинаниях, легендах, сказках, былинах и других произведениях, главным образом, лирического и эпического содержания. Эпические произведения содержат описания подвигов богатырей и былой жизни казахов, причем некоторые из них имеют историческую подоплеку.Таковы, например, былины, воспевающие Абылай-хана, мятежного султана Кенесары и его сподвижника Наурызбая.

Как отмечает автор, важным элементом духовной культуры казахов являются сказки и песни казахов. Сказки чрезвычайно многочисленны и разнообразны по содержанию, обычными действующими лицами в них являются ханы, их приближенные, змеи, оборотни, ведьмы, драконы, лисицы, волки, животные, обладающие сверхъестественными свойствами.

Пение играет важную роль в жизни казаха, и певец является желанным гостем на каждом семейном и общественном празднике. Обращаясь к характеристике казахской национальной кухни номадов, Масальский В.И.  замечает: «Пища киргиза состоит главным образом из продуктов скотоводства: молоко и айран (смесь простокваши с водой), иримчик (сладкий овечий творог), курт (сухой сыр), кумыс (кобылье молоко). Самым широко распространенным блюдом кочевников является бешбармак.



В ней также дана живописная картина перекочевки казахского аула: «Время перекочевок лучшая пора в жизни киргизов. В один из счастливых дней юрты и другое имущество навьючивается на верблюдов, обвешанных пестрыми коврами и попонами, киргизы надевают праздничные одежды, седлают красиво убранных лошадей, и весь аул под руководством своего главы пускается в путь. Женщины важно восседают на лошадях, верблюдах или быках, а мужчины и девушки джигитуют, то отставая от медленно движущихся стад, то нагоняя их вскачь. Так как перекочевка продолжается несколько дней, то к вечеру делается привал, устраиваются временные юрты и аул, отдохнув, продолжает свой путь. Заботы о перекочевке лежат всецело на женщинах, мужчины же ограничиваются наблюдением или где - нибудь охотой. С прибытием на место летней кочевки, наступает самое веселое и приятное время для киргиза. Лошади и скот быстро отъедаются после зимней голодовки, кумыс появляется в изобилии за столом каждого зажиточного киргиза, устраиваются поездки к соседям, игры и увеселения, а нередко по случаю свадеб и поминок богатых киргизов, игры (игра с козлами, кок буря) состязание и скачки (байге), в которых принимает участие вся округа празднества (тои), эти по числу участников, количеству съедаемого мяса и выпиваемого кумыса, принимают иногда гомерический характер».

Также специально останавливается В.И.Масальский на социальном положении женщины в казахском обществе. Как отмечает автор: «киргизская женщина пользуется большой свободой, сравнительно с женщинами оседлых мусульманских народностей Туркестана. Она не закрывает лица, подобно другим мусульманкам, принимает участие в общей беседе и празднествах и свободно разъезжает по степи». Специфика скотоводческого хозяйства и кочевого образа жизни препятствовала развитию таких социальных институтов, как женской затворничество, изоляция полов друг от друга как в трудовой, так и досуговой сфере.



Благодаря усилиям В.И. Масальского был собран уникальный эмпирический материал, в котором нашли свое отражение наиболее актуальные проблемы истории и этнографии казахского этноса. Оставленное исследователем богатейшее научное наследие станет национальным достоянием народов Центральной Азии.

**Мукашева А.О.,**
**старший преподаватель кафедры**
**«История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова**

# ҚАЗАҚСТАДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Кеңестік компартияның 1927 жылғы желтоқанда өткен XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Осылай «өркениетті кооператорлар қоғамын» құру идеясы КСРО-дағы социализм құрлысының құрамдас бөлігіне айналды. Ауылда кооперативтік қозғалыстың дамуы барысында еріктілік, дербестік, материалдық мүделік, шаруаларды кооперативтендірудің жоғары формаларына кезеңмен өту ұстанымдары жарияланды. Алғашқыда үлгі ретінде ұжымдық шаруашылықтарға негіз болып табылатын материалдық-техникалық базаның дамуы дәрежесінде, шаруалар кооперациясының бұрынғы қарапайым формаларының дәстүрлері мен басқа да факторларға назар аудару қажет деп саналды.



Мал шаруашылығының сан жағынан көбейуін, оның қарапайым материалдық-техникалық базасы мен шаруалар кооперациясы дәстүрлерінің болмауын, дала тұрғындарының көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ескере отырып, Орталық Комитет Қазақ АКСР-інде ұжымдастыруды, негізінен, 1932 жылдың көктемінде қарай аяқтауды белгіледі. Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрлысының негізгі формасы-ауыл шаруашылығы артелі, ал мал шаруашылығы аудандарында жерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік болуыға тиіс еді. Онда жарғы бойынша мал қоғамдастырылмай, жеке мал мен құрал-саймандарды пайдалануға ақы төленуі керек болатын. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада ұжымшар құрылысы жедел дамыды. Алғашқы машина-трактор станциялары (МТС-тер) құрылды. Ұжымдастыру мен отырықшылдандыруды жаппай жүргізу үшін, жергілікті белсенділерге қосымша 8 мың жұмысшы- «ұжымдастырушылар»тартылды. Республикаға Мәскеуден, Иваново-Вознесенскіден, Харьковтан, Ленинградтан 1204 адам жіберілді. Алайда олар отырықшылықтың мәні мен механизмін тым үстірт түсінетін еді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ақ мейлінше қатаң жүргізіліп, жаппай қуғындау мен лаңкестікке негізделді. Ұжымдастыру алдын-ала даярлықсыз, жергілікті жағдайлар ескерілместен, көбінесе әкімшілік-күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді. Көшпелі ауылдарға ұжйымдастыруды жеделдету жөнінде нұсқаулар түсіп жатты. 1932 жылдың ақпанында, Шу ауданында аумағы 150 шақырым жерден жүздеген шаруашылықтар жиналып, 400 киіз үй қала үсіндегі елді мекенге тігілді. Жалған белсенділер отырықшылықтандыруды жоспарлаған үш жылдың орнына үш күн ішінде аяқтап, мал өсіруші шаруашылықтарды сол жерде ұжымшарға жаза бастады. Осындай жағдайлар елдің әр түкірінен ұшырасты: Абыралы ауданында барлық шаруашылықтың бірден 70 %, Жымиыпты ауданында-60 % -ы, ал Жәнібек ауданында 95 %-ы ұжымтастырылды. 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтардың 2 %-ы ұжымдастырлған болса, ал 1931 жылдың қазан айына қарай 65 %-ы ұжымдастырылды. Азықпен қамтамасыз етудің қиындауына байланыст, 1929 жылы ауыл шаруашылығы өнімін дайындауға «әскери коммунизм» кезіндегі төтенше әркет сипат берілді.

Кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты 1925 жылы қабылданды. 1927 жылы желтоқсанда Компартияның ХY съезі болды, ол тарихта ұжымдастыру съезі деп аталады. Оның шешіміне сәйкес қысқа мерзімде, 1932 жылдың көктеміне дейін елдің ауыл шаруашылығы енді жеке меншік емес ұжымдық шаруашылыққа — колхозға (ұжымдық шаруашылыққа) бірігуі тиіс болды. Қазақстандағы ұжымдастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай бітіру жүктелді. Үкімет жергілікті тұрғындардың тұрмыс-салт ерекшеліктерімен есептеспестен ұжымдастыруды күш салу әдістерімен, жедел қарқынмен жүргізді. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру бай-кулактарды тәркілеуден басталды. 1924 жылы Қазақстан өлкелік партия басшылығы көшпелі өмір салтын сақтаған қазақ ауылдарын отырықшыландыру және қазақ ауылдарында Кеңес өкіметі билігінің нығаюына кедергі келтіретін бай және орта тап өкілдерінің көзін жою қажет деп есептеді. Себебі, Кеңес өкіметі жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі болғандықтан, мұнда бай, байлық, жеке меншік деген болмауы керек. Барлығы да ортақ, мемлекеттің меншігі болуы тиіс еді. Осы мақсатпен 1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитеті «ірі бай шаруашылықтарын және орташа байлардың мал-мүлкін тәркілеп жер аудару» декретін қабылдады.

Осы нәтижесінде байлардың шаруашылығы тәркіленіп, 657 бай жер аударылып, олардан 145 мың мал алынды. Малдар, негізінен, колхоздарға берілді. Көптеген орташа шаруалар байлардың қатарына жатқызылды. Барлық жинап-терген мал-мүлкінен айырылғысы келмей бір түнде шетел асып көшіп кеткен қазақтар да болды. Негізгі күнкөрісі мал болған қазақтар, малдарынан айырылып, аштыққа ұшырай бастады. Ауыл шаруашылығының ұжымдастырылуы өте қатал жағдайда жүргізілді. Шаруашылықты ұжымдастыру үнемі өсіп отырды. 1928 жылы 2%, 1930 жылы 3 сәуірде 56,4%, 1931 жылы қазанда 65% ұжымдастырылды. 1931 жылы көшпенді және жартылай көшпенді шаруаларды жаппай отырықшыландыру жөнінде міндет қойылды. Сонымен қоса, ұжымдастыру жедел және жоспарсыз жүргізілді. Ұжымдастыру кезінде ауыл шаруашылық өнімдерін және малдарды күшпен алды. Мысалы, 1931-1932 жылдары Шұбартау ауданында малдың 80% мемлекетке етке өткізілді. Балқаш ауданының халқына 297 мың малға салық салынды (ауданда 173 мың мал болған). Торғай ауданында 1 млн малдың 98 мыңы қалды. Торғайлықтар «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» ұранын көтерді. Күштеу әдісі мен жаппай ұжымдастыруға қарсы Сарысу, Ырғыз, Балқаш, Қастек, Қордай, Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау ауданының шаруалары көтеріліске шықты. 1931 жылы көктемде Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарының көтерілісшілері жазалау әрекетінен түгел қырылды.

Ұжымдастыру қарсаңында республикада 40,5 млн мал басы болса, 1933 жылы оның саны 4,5 млн-ға дейін азайған. 1930-1932 жылдары Қазақстан халқының саны 6,2 млн болса, соның 2,1 млн-ы аштықтан қырылды. Республика аумағынан шетке қашу жиіледі. 1 млн 700 мың адам Қазақстаннан тыс аймақтарға көшті. Олар — Түркменстан, Қарақалпақ, Иран, Ауған жеріне, Маңғыстау, Жылқосын, Ойыл, Табын аудандарының халқы. Сондай-ақ, Қытай жеріне — Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Биен-Ақсу, Сарқант, Жаркент, Бөрібаев аудандарының халқы көшіп кетті. Күшпен жүргізілген ұжымдастыру саясатына қарсы Қазақстанда жалпы саны 372 толқулар мен көтерілістер болды.

1932 жылғы 1 ақпанда Павлодар қаласынан саяси жер аударылғандар КСРО Орталық Атқару Комитеті төралқасына аштық айғақтары туралы былай деп жазған: «...аштықтың ауыр көрінісі етек алуда. Ит, мысық және алуан түрлі өлекселер желініп жатыр. Тірі қалғандардың аштықтан әлсірегені сонша, өліктерді жерлеуге шамасы келмеуде...» десе.

1932 жылғы шілдеде аштық апаты мен себептері туралы Ф.И.Голощекинге «Бесеудің хаты» (Ғ.Мүсірепов, Қ.Қуанышев, М.Ғатауллин, Е.Алтынбеков, М.Дәулетқалиев) жазылды.

Сондай-ақ, 1933 жылғы наурызда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарған Т.Рысқұлов Қазақстандағы ұжымдастырудың зардаптары, елді жайлаған аштықтың себептері, халықтың тартып отырған қасіреті жайлы И.В.Сталинге ашық хат жазды.

Тұрар Рысқұловтың хатта көрсетілген деректері бойынша «Қазақ жерінде көршілес өлкелерге көшушілер саны артуда» деп жазылған. Онда орта Волгада — 40 мың, Қырғыз жерінде — 100 мың, Батыс Сібірде — 40 мың, Орта Азияда — 30 мың, Қарақалпақ жерінде — 20 мың қазақ көшіп кеткені айтылады. Көшіп кетушілер Қалмақ, Тәжік жері, Солтүстік өлке, Батыс Қытайға дейін барған. Бұл аш адамдардың тамақ іздеп босуы еді.1930-1932 жылдардағы аштық тарихқа «ұлы жұт» ретінде енді. Ұжымдастыру жылдарында бірнеше кемшіліктер жіберілді. Атап айтар болсақ, 1932 жылы 17 қыркүйекте Компартия «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, атап айтқанда, мал шаруашылығы туралы» қаулы тым кеш қабылданды. Қаулыда аштық, мал шаруашылығының құлдырауы туралы айтылмады. Сәтсіздікке ұшыраған басшылық (Голощекин, Исаев, Құрамысов, Ерназаров, Голюдов т.б.) халық алдында жауапқа тартылмады. Соған қарамастан реттеу жұмыстары жүргізілді.

Күштеп ұжымдастыру мен отырықшылыққа қазақ зиялыларының өкілдері қарсы шықты. Ғалым әлі агроном ретінде Ә.Бөкейханов қазақтарды отырықшылыққа біртіндеп көшіруді ұсынды. С.Сәдуақасов: «Өркениеттің өзі мал шаруашылығымен айналысуды жоққа шығармайды, қайта оның өркендеуіне мүмкіндік туғызады» деп атап көрсетті. Т.Рысқұловтың КСРО БОАК-нің сессиясында сөйлеген сөзінде белгіленген мөлшерге сәйкес қазақтардың жеке меншікте 6-7 ғана мал басын ұстауы олардың жағдайын өте нашарлатады деп ашық айтты.

Тіпті И.Сталиннің өзі «Табыстан бастың айналуы» деген 1930 жылы «Правда» газетінде жарияланған мақаласында ұжымдастыруда өрескел қателіктердің кеткенін мойындайды. Сонымен, Кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жолында жүргізген шаралары тиімді нәтиже бермеді. Керісінше бұл реформалар шаруалардың еңбекке деген ынтасын жойды. Соған қарамай большевиктер ауыл шаруашылығын социалистік жолмен алға қарай дамыту мақсатында ылғи әртүрлі жаңа шаралар жүргізіп отырды. Алайда, ұжымдастыру саясаты қазақ тарихындағы қасіретті оқиғалардың бірі ретінде белгілі болып қалды.

Қазақстан Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1928 жылы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет шығарды. Жаппай ұжымдастыру кезінде байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты да жағдайды одан әрі ауырлата түсті. Осындай қатал шаралар және ет, астық дайындау науқандарындағы асырасілтеушілік, қазақты дәстүрлі даму жолынан күшпен тайдыру әрекеті халықтың жаппай қарулы наразылықтарын туғызды.

Ресми мәліметтер бойынша 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтеруі болды. Тоталитарлық жүйе бұл көтерілістерді аяусыз, әскер күшімен басып отырды.

Көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларды зорлап отырықшыландыру жоспары алғашқы бесжылдықта (1932 жылдың соңына дейін) сәтсіздікке ұшырады. Қазақстанда 400 мыңның орнына 70,5 мың шаруа қожалығы ғана отырықшыланды.

1933 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан шаруашылықтарының 67,3 пайызы, ал 1937 жылдың 1 шілдесінде 97,5 пайызы ұжымдастырылды. Күштеп ұжымдастырудың және жоспарлы түрде жаппай отырықшыландырудың зардаптары өте ауыр болды. Қазақ халқы бәрінен көп



зардап шекті.

Ұжымдастыру қарсаңында республикада 40,5 млн. мал басы болса, 1933 жылғы 1 қаңтарда небәрі 4,5, млн. ғана мал қалған еді. Мұның соңы қазақ халқының ашаршылыққа және жаппай босқыншылыққа ұшырауына ұрындырды. 1929-1933 жылдары миллионға жуық адам Қазақстаннан ауып, Қытайға, Ауғанстанға, Иранға және т.б. елдерге көшіп кетті. Олардың 600 мыңы тарихи отанына оралмады. Аштық құрбандары болғандардың саны 1798,4 мың адам болып, сол кездегі қазақтың 46,8 пайызын құрады.1932 жылғы шілдеде республика қайраткерлерінің бір тобы – Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев аштық және оның себептері туралы БК(б)П өлкелік комитетіне, тікелей Ф. Голощекинге ашық хат жазды. Бұл хат тарихта «Бесеудің хаты» деп аталды.



Қазақстандағы 1928-1934жылдардағы ауылшаруашылығын ұжымдастыруды қазақ халқының болашағы үшін әкелген ардабы, зобалаңының салдары:

1. Қазақстанда ауылшаруашылығын ұжымдастыру бейбіт заманында, сталиндік – голощекиндік асыра сілтеушілік, опасыздық саясатынан 2,1 миллион қазақтың аштықтан қаза болуы.

2. Ұжымдастыру барысында әміршіл – әкімшіл әдістің, күштеу және зорларлаудың басымдылығы және террорлық әдістің қолданылуы.

3. Қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарның сақталмауы.

4. Қазақ халқының ұлт болып өмір сүруінің болашағына қауіп-қатерлілігі.

5. Қазақтардың демографиялық даму үрдісін 50 жылға шегерді.

6. Ұжымдастыру барысында және одан кейін қазақтардың өз Отанын тастап жат – жерлерге бас сауғалап көшуі.

Қазақстан тарихындағы ауылшаруашылығын ұжымдастыру салдарынан «Ғасыр қасіретінің» болу себептері:

1. КСРО – да тоталитарлық биліктің орнығуы.

2. Тарихи – формациялық фактор.

3. Материалдық – техникалық базаның болмауы.

4. Социалистік құрылыс заңдылығының бұрмалануы.

5. Ауылшаруашылығын ұжымдастырудың уақыт мерзімінің аздығы.

Жалпы 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру еліміз үшін – «Ғасыр қасіреті» болып табылады. Бұл тарихи зұлматты қазіргі замандағы Қазақстан Тәуелсіздігінің ұрпақтары есте сақтауы аса маңызды болып табылады.

1920-1930 жылдардағы сталиндік-голощекиндік саясаттың құрбандарына – еліміздің ірі елді мекендерінде «Отан Ана» еске алу ескерткіштерін орнату дұрыс әрекет деп санаймыз.

Қазақ елі тәуедсіздікке қол жеткізуіне байланысты тарих ғылымы таптық идиология бұғауынан босап,өткенімізді мұхият шындық тұрғысынан зерттеп зерделеуге мүмкіндік алып отыр.Осы орайда Ұлы Әл-Фараби бабамыздың «әке баласы үшін қандай жауапты болса,әр халық өз тарихының алдында сондай жауапты», деген сөзін басшылыққа ала отырып Қазақ халқының Кеңестік кезеңдегі тарихи ақиқатын таразылап көрейік.Кеңестік кезеңде халқымыз баскешкен оқиғаларды саралағанда халқымыздың тарихында орны толмайтын терең із қалдырған,осы уақытқа дейін зардабы қалмай келе жатқан,сол бір асыра сілтеу уақыты зор демографиялық апаты мен халық шаруашылығы ащы тарихтын бір парағы ретінде халық жадында сақталуда.Осы құнды өміріміздегі азаттықтың ақ таңындағы жолында тер төккен азаматтарымыздың, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезіндегі зартдаптарының тарихи шындығын ашу жолында зерттеген тақырыптың өзектілігі, кеңестік қызыл империяның жүргізген саясатының салдарын анықтап беруге тырыстым. Кеңес өкіметі жүргізген саясатты академик М.Қозыбаев талдай келе «Патша жасап үлгермеген отаршылдықтын сорақысын кеңес империясы жасады». Кеңестік отарлық большевиктік жүргізген саясат отаршылдықтың шыңы болды.Міне,осындай ащы тарихи шындықты еліміздің әрбір азаматы білуі керек.

Осы тарихи мәліметтерді жеке өзіме зерттеп, анықтауыма тікелей көмегін тигізіп жүрген, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі директоры тарих ғылымдарының докторы Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлына тікелей алғысымды білдіремін. Қазақ халқының тарихымен байланысты жазылған архивтегі мәліметтердің маңыздылығын зерттеуде, тікелей жетекшіммен бірге жұмыстар атқарып, болашақ жастармызға біздің тарихымыз туралы құнды мәліметтерді ашып көрсетуге дайын боламыз.

**Досыбай Нұрлыбек Жолдасбекұлы**
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, Қазақстан тарихы пәні оқытушысы,саясаттанушы магистр үздігі**

# О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАУЧНОГО ЦЕНТРА «ИСТОРИЯ И ЭТНОЛОГИЯ» AUEZOV UNIVERSITY

В 2023 году научному центру «История и этнология» НИИ «Социально-гуманитарных наук» Auezov University исполнилось 10 лет. Научный центр ведет свою деятельность в соответствии с основными приоритетами исследовательского университета в области гуманитарных наук, а также стратегическим планом развития университета.

Наряду с этим центр содействует формированию научного потенциала университета и подготовки квалифицированных специалистов в области истории и этнологии, содействует работе сохранения и популяризации историко-культурного наследия Казахстана на основе программы «Қазақтану», проводит фундаментальные исследования, ведет научно-издательскую деятельность, входит в научно-экспертную группу Ассамблея народа Казахстана, активно сотрудничает с историческим научным сообществом на республиканском и международном уровне.




Активизирована работа по коллаборации ведущих научных организаций Казахстана и зарубежных стран, среди них - Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова Комитета науки МОН РК, РОО Ассоциация кафедр АНК «Шанырак» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, экспертный совет этнологов АНК по Туркестанской области, Институт «История России», Институт «История стран Азии и Африки» РАН РФ, Отдел «Советской эпохи» Института «История» Академии наук Республики Узбекистан, кафедра «Дизайн» факультета «Искусство, реклама и дизайн» Тихоокеанского ГПУ г.Хабаровска, Национальный Университет Узбекистана им. Мирзо Улугбека, Кастомону Университет, Турция, Академия государственного управления при Президенте Азербайджана г.Баку. ТаласГУ Республики Кыргызстан.

Результатом совместных проектов по продвижению научных идей являются грантовые исследования Комитета науки и высшего образования Казахстана в сфере генезиса и эволюции этнической системы; исторические этапы, этнические и межнациональные отношения южного региона Казахстана на современном этапе; изучение языковой политики и практики в Туркестанской области в контексте задач языкового развития Республики Казахстан.

Auezov University по итогам мирового рейтинга университетов QS World University Ranking - 2023 вошел в ТОП 450 ВУЗов мира, занял 443-ю позицию. Это действительно заслуженная победа наших ученых-педагогов. Современные тренды развития конкурентноспособных исследовательских вузов определяются конкретными результатами в исследованиях и качественной публикационной деятельностью. Научный центр генерируя эту модель открыл журнал, как один из брендов ЮКУ Ауезова - «QAZAQTANÝ».

Журнал был основан в 2019 году в целях реализации научного сопровождения, то есть проведение мероприятий и публикаций по 17 специальным проектам программы «Ұлттық рухани жаңғыру» и программной статьи «Семь граней Великой степи», реализации целей и задач статьи Президент Республики Казахстан К.К.Токаев в своей статье «Независимость дороже всего», государственной программой «реабилитации жертв политических репрессий», а также концепции развития Ассамблеи народа Казахстана.

На страницах научного издания публикуются статьи сотрудников НИИ, НЦ, профессорско-преподавательский состав, магистранты и докторанты вузов Казахстана и зарубежья. Основные направления ежеквартального научного издания «QAZAQTANÝ» - это история, археология и этнология Казахстана; международные отношения; право и экономика; философия и культурология; исследования в направлении реабилитации жертв политических репрессий; филология; педагогика, психология и инклюзивное образование; искусствоведение и современный дизайн Казахстана. Требования редакционной коллегии соответствует мировым трендам, что дает возможность качественному росту выпускаемых статей. Проводя политику маркетинга ученой сферы университета на международном уровне все опубликованные статьи вводятся в базы научных цитирований - РИНЦ, НЦГНТЭ РК.



С 2020 года журнал «QAZAQTANÝ» введен в Каталог журналов и газет АО «Казпочта» и распространяется подписчикам на все регионы Казахстана. С 2021 года содействует научным исследованиям в области этнополитических и этнокультурных процессов современного Казахстана РОО «Шаңырақ» Ассоциации кафедр ВУЗов РК, научно-экспертной группы «Қоғамдық келісім» АНК, где ведется активная популяризация работа проекта «Қазақтану».

2022-2023 учебный года стал знаковым для научного центра и журнала «QAZAQTANÝ». Осенью 2022 года издания вошли в фонд Национальной библиотеки Республики Казахстан, весной 2023 года журнал введен в международную базу IP Smart, а к дню «Науки» 12 апреля 2023 года руководитель центра награждены медалью «Алғыс» Ассамблеи народа Казахстана за активный вклад в реализации проекта «Қазақтану».



С 2022 года Комитет науки и высшего образования Казахстана в области развития фундаментальных, прикладных, междисциплинарных исследований общественных наук выделил такие направления, как изучение теоретико-методологических проблем отечественной истории; археологии в контексте новых парадигм отечественной истории, духовные святыни Казахстана, гуманитарная информатика, общенациональное единство, мир и согласие, общность истории и культуры, литературы и языка, традиций и ценностей в условиях модернизации общества, Казахстан в мировой системе исторических процессов XX-XXI вв. Особое внимание уделяется усовершенствованию направлений гуманитарных исследований, в области модернизации и устойчивого развития экономики; проблемы социальной модернизации; проблемы социологии, социолингвистики, этнологии, этнополитики, конфликтологии, гуманитарной географии, межэтнических отношений и этноконфесиональных отношений; проблем современных международных отношений международного права, глобальных, региональных и трансграничных геополитических, геоэкономических, геопространственных процессов. Актуальны также исследования в области познания личности и археологии, проблемы традиционного казахского искусства.

Сотрудниками научного центра реализуя некоторые из этих направлений, активно ведут исследования в области этнографии казахского этноса конца XIX - начала XX вв., чему свидетельство открытие новых граней в деятельности Абая Құнанбаева как судопроизводителя и законописца, исследование и перевод малоизвестного в Казахстане и зарубежом артефакта - свода законов биев «Қарамола Ережесі» 1885 г., анализ правовой системы казахского народа, который стал последовательным продолжением развития обычного права «Жеты жарғы» XVI в, и стал основой первой конституцией Алашорды «Қазақ Елі», подготовка и издание хрестоматии и распространение его на все уровни науки и образования Казахстана.

Продолжаются планомерные исследования истории деятельности просветителей Туркестанского края - Сералы Лапина, Конырходжа Ходжикова; становление первого казахского вуза в г.Ташкенте; роль национальной элиты в формировании духовно-нравственных основ общества.

В рамках 300-летия периода «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама - Годы великого бедствия», опубликованы исследования по изучению и анализу исторических событий, а также труды по формированию института батырства в этот период.

На современном этапе основываясь на приоритетах «...политической трансформации, ускорению экономического развития страны, отвечающей чаяниям граждан...» Нового Казахстана и ходе реализации бренд-системы исследование и предпринимательство научный центр выдвигает новые направления в своей деятельности, где особую роль отдает реализации научным исследованиям имеющих социальную значимость, практическое применение в развитие отечественной производства и приносящие реальный доход и благо государству.

В этом направлении научный центр вышел на новый уровень коммерциализации научных исследований путем внедрения результатов в производство, т.е. привлечение профильных специалистов, преподавателей, молодых ученых, магистрантов, докторантов, сотрудникам музеев и архивов в научные стажировки общим объемом до 108 часов и внедрение обновленных знаний в среднее образование через общественный фонд центра «МИРАС».

Необходимо отметить, что государственные приоритеты развития научных исследований продиктованы актуальными вопросами в казахстанском науке и обществе, формирующие компексную, многовекторную работу и новые перспективы деятельности научного центра «История и этнология».

**Торгаутова Ш.А., Рукодитель НЦ «История и этнология» к.ист.н.,**
**Джунисбаев С.М., Тилеукулов Г.С.,**
**старшие научные сотрудники НЦ «История и этнология»**




**Меншік иесі: Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»**
**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.**

**Редакциялық кеңес:**
**Қожамжарова Дария Пернешқызы - М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор**
**Нұрманбетов Қайрат Әнбекшиевич - бірінші проректор**
**Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор**

**Дизайнер:** Наиля Заббарова

Редакция мекенжайы:
**Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,**
gazeta@auezov.edu.kz